



ҚАЛА МЕН САЛА

ҮНЕМДЕЛГЕН
ҚАРАЖАТ ҚАЙДА
ЖҰМСАЛАДЫ?

4-БЕТТЕ



ШАРТАРАП

ТУРИЗМ
ҚАЙТА
ТҮЛЕЙ МЕ?

6-БЕТТЕ



ТҰЛҒА

АЛАШТЫ
ҰРАН ЕТКЕН ҰЛ

7-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ/ 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ASTANA




№63 (403)

Сенбі

30 мамыр 2020 жыл

AQSHAMY



8-12

31 МАМЫР

саяси қуғын-сүргін
құрбандарын
еске алу күні

1 маусым – Балаларды қорғау күні! Бала адамның бауыр еті дейді халқымыз. Жер бетіндегі әр сәби, әр бала бақытты болуға лайықты! Әрқашан бейбіт күн нұрын төгіп, ашық аспан астында балалардың сыңғырлаған күлкісі естіліп тұрсын! Барлық балалар азат елдің құшағында отаншыл, арманшыл, бақытты болып ғұмыр кешсін!



БЛОКБЕКЕТТЕР АШЫЛАДЫ

Қазақстандағы блокбекеттер 1 маусымнан бастап ашылады. Бұл туралы 29 мамырда ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті төрағасының орынбасары Жәнібек Тайжанов мәлім етті.

«Ведомствоаралық комиссияның шешімімен аталған күннен бастап Қазақстан бойынша блокбекеттер ашылады. Ал 5 маусымнан әрі қарай Қазақстан ішіндегі тасымал қалпына келеді» деп хабарлады ол. Осылайша, Қазақстанда қалааралық 313 маршрут іске қосылады. Олар арқылы 88 тасымалдаушы жұмыс істейді. Бірақ Тайжанов мәлім еткендей, автобустар мен пойыздарда және блокбекеттерде бұрынғыдай санитарлық талаптар сақталады.



Баала – біздің болашағымыз!

16

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 452.86 \$ USD/KZT 413.12 ₸ RUB/KZT 5.82 ¥ CNY/KZT 57.92

www.astana-akshamy.kz



@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

ЕЛОРДАДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛМАЙДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола облысына сапары барысында «Ең-Дала» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ауыл шаруашылығы алқабын аралап көрді.



Қазақстан Президентіне агроөнеркәсіптің техникалық жабдықтауы мен өнімді арттыруға бейімделген жер өңдеу технологиялары, сондай-ақ А.Бараев

атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы әзірлеген элиталық тұқымды пайдалану жөнінде мәлімет берілді. Ақмола облысының әкімі

Ермек Маржықпаев Мемлекет басшысына аймақтағы агроөнеркәсіп кешені, егін және мал шаруашылығын дамыту жоспары, сондай-ақ елорда тұрғындарын

азық-түлікпен қамтамасыз ету жұмыстары туралы баяндады.

Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздегі көктемгі егіс жұмыстарының барысы және отандық ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерді қолдау мақсатында қаржы бөлу жөніндегі тапсырмалардың орындалуы жайында есеп берді.

Қазақстан Президенті мемлекет тарапынан аграрлық секторды дамытуға баса мән беріліп отырғанын атап өтіп, ауыл шаруашылығына арналған жерлерді тиімді пайдаланудың маңыздылығын айтты.

ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ АШЫЛАДЫ

Қала әкімдігінде онлайн форматта инвестициялық кеңес өтті. Бұл кеңесте қолдау тапқан жобалар елордада жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Бұл туралы Instagramдағы парақшасында Нұр-Сұлтан әкімі Алтай Көлгінов хабарлады.



«Елорданың өсу қарқыны мен қаладағы халық санының артуын ескере отырып, инфрақұрылымды дамыту, қажетті нысандарды салу бойынша жұмыстар атқарылып жатыр. Құрылыс жеке инвесторларды да тартамыз. Бүгін онлайн-форматта инвестициялық кеңес өтті. Инвесторларға ел басшылығының тапсырмасына сәйкес қолайлы жағдай жасап, инвестклиматты жақсарту үшін жұмыс істейміз» деп жазды елорда әкімі.

Инвестициялық кеңестің отырысында жекеменшік емханалар, фиброцементтік плиталар шығаратын зауыт, фар-

мацевтикалық препараттарға арналған тарату орталығы, білім беру мекемелері және т.б. құрылыс жобалары қолдау тапты. Аталған жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде бас қалада 1 мыңнан аса жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік туады.

«Сонымен бірге жобалары қолдау тапқан 40 инвестормен онлайн-кеңес өткіздік. Қолдау көрсетілген жобалардың қазіргі ахуалын, қандай көмек қажет екенін анықтадық. Инвесторларға қажет көмекті көрсетеміз. Қала мен тұрғындар қажет ететін жобаларды қолдаймыз» деп атап өтті Алтай Көлгінов.

Елорда әкімі Алтай Көлгінов тұрғындарды онлайн форматта қабылдау өткізді. Азаматтар тұрғын үй бағдарламасына қатысу, білім алу, жұмысқа орналасу және т.б. мәселелерді көтерді.

ОНЛАЙН ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

«Бүгін қала тұрғындарын кезекті рет онлайн форматта қабылдадым. Азаматтар тұрғын үй бағдарламаларына қатысу, білім алу, жұмысқа орналасу және т.б. мәселелерді көтерді. Мәселелер жүйелі негізде шешіледі. Биыл жеңілдікпен берілетін 8 мыңнан астам пәтер саламыз. Пәтерлер кезекте тұрған азаматтарға беріледі. Бірқатар тұрғын үй бағдарламалары

бар. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бойынша 15 мың жұмыс орны құрылып, жұмыс берушілер тұрғындарды жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа қабылдайды» деп жазды қала басшысы өзінің Instagramдағы парақшасында.

Ол азаматтарды қабылдау барысында көтерілген барлық мәселелер бақылауға алынғанын атап айтты.



ЗАМАНАУИ ЖАБДЫҚТАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Елордадағы жаңа модульдік жұқпалы аурулар орталығы «Multifiltrate жедел диализ жүйесі» медициналық жабдығымен толықты. Оны сатып алуға Hyundai Auto Kazakhstan компаниясы 51 млн теңге бөлді.

Коронавируспен күресте қажетті аппараттарды алу туралы шешім Нұр-Сұлтан қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасымен келіссөз қорытындысы бойынша қабылданды. Басқарма басшысы Сәуле Қисықованың айтуынша, бірінші кезектегі міндет – коронавирустық инфекциясы зертханалық жағдайда расталған науқастарға жоғары білікті медициналық көмек көрсету. Бұл инфекцияның пайда болған асқынуларына байланысты кейбір пациенттер қарқынды терапияны қажет етеді, бүйрек жұмысында елеулі бұзылулар пайда болады. Мұндай

медициналық жабдықтың болуы науқастарға осы жағдайдан емделіп шығуға көмектеседі.

200 төсек орындық КВИ бар науқастарды емдеуге арналған жаңа модульдік жұқпалы аурулар орталығы биыл 23 сәуірде ашылған еді. Оның ішінде 20 реанимациялық төсек бар. Заманауи инфекциялық орталықтың бөлмелеріндегі желдету құрылғысы да ерекше. Барлық палаталарда ауа сорылып сыртқа шығарылып отырады. Осы арқылы ондағы медицина персоналымен пациенттердің қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Алтыншы шақырылымның қалалық мәслихат депутаттарының және Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының назарына!

2020 жылдың 2 маусымында сағат 10.00-де Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының алтыншы шақырылымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселе енгізіледі:

1. Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы.

2. «Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 15 қаңтардағы №349/43-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

3. «Астана қаласының аудандық ау-

мақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 15 қаңтардағы №350/43-VI шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

4. «Астана қаласының учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 15 қаңтардағы №351/43-VI шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

5. «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 29 наурыздағы № 374/47-VI шешіміне толықтырулар енгізу туралы.

6. Нұр-Сұлтан қаласының жоғары оқу

орындарында күндізгі оқу ақысын төлеу үшін азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі комиссияның құрамы туралы.

7. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы туралы».

8. «Нұр-Сұлтан қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссияның құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы №421/54-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

М. ШАЙДАРОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихаты хатшысының
міндетін атқарушы

АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

■ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

Қала билігі кәметке толмаған балалардың құқығын қорғау бойынша кешенді шаралар қабылдауда. Бұған қоса, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды уақтылы анықтау үшін тиісті жұмыс жүргізіледі. Осы мақсатта әр мектепте әлеуметтік тәуелді жасалады, онда әлеуметтік педагог балаларды жұмысқа тарту қаупі бар жанұяларды анықтайды.

■ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Таразда жақында жаңа сауда үйі және 2 көтерме-тарату орталығы ашылады. Мұнда азық-түліктің, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар өнімдердің көтерме саудасына ең үлкен аумақ берілетіндіктен, баға тұрақтылығын сақтауға арналған логистикалық орталық қызметін де атқармақ.

■ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Қостанай қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушылары Сәния Әмірзақова мен Дилара Усембаева тағам қалдықтарынан пластикалық материал жасап шығарудың жолын анықтаған. Бұл материалдың басты ерекшелігі - топырақта өздігінен ыдырап, жоқ болып кетеді.

■ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Өңірде көпбалалы отбасыларға 119 жалдамалы пәтер сатып алынды. Бұл туралы Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетовтің төрағалығымен өткен селекторлық жиында белгілі болды. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы арқылы биыл төрт айда 1312 пәтер немесе 152,6 мың шаршы метр үй пайдалануға берілді.

■ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Аймақтағы қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЕС-164/3 мекемесінде өсімдік майын өндіретін цех ашылды. Жазасын өтеушілерді жұмысқа тартып, жана өндіріс орындарын ұйымдастыру үшін сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру бөлімшесінің қызметкерлері кәсіпкерлік субъектілерін тарту бойынша жұмыс атқарады.

ҚАДАҒАЛАУ ШАРАЛАРЫ ТҰРАҚТЫ

«Елорда кәсіпорындарында санитарлық нормалардың сақталуын қадағалау рейдтері тұрақты жүргізілуде» деп хабарлады қала әкімдігінің сайты. Тәртіп бұзушылық қайталанған жағдайда кәсіп иелеріне 500 АЕК-ге дейін айыппұл салынады. Полицейлер, санитарлық дәрігерлер мен әкімдік өкілдері дүкендер мен сауда орталықтарына тұрақты түрде тексеріс жүргізеді.

Бұл туралы Нұр-Сұлтан қалалық сауда және қызмет көрсету саласы бөлімінің басшысы Руслан Ыдырысов мәлімдеді. Оның айтуынша, басты ескертулер қызметкерлер мен клиенттердің маска кимей жүруіне және санитайзерлердің жеткіліксіз болуына байланысты жасалады. «Қателіктер мен санитарлық шара талаптарын орындай отырып, кәсіпкер өз жұмысын жалғастыра алады. Алғашында нұсқау беріліп, ескерту жазбаша түрде жасалады. Тексеріс барысында СЭС және полиция департаментінің қызметкерлерінің жұмыстары айқын көрінеді. Егер ескерту-

лер жойылмаса, кәсіп иелері айыппұл төлеуге міндетті. Шағын бизнес – 100 АЕК, орта бизнес – 200 АЕК, ірі бизнес – 300 АЕК-тен 500 АЕК-ге дейінгі сомада айыппұл төленеді» деді Р.Ыдырысов.

21-26 мамыр аралығында 150-ден астам кәсіпорынға мониторинг жасалды. Санитарлық нормалардың сақталмауына байланысты 12 нысан: дәмханалар, мейрамханалар, барлар, азық-түлік дүкендері, спа-салондар және т.б. жабылды. Ал «Бруно», «Roofork» секілді мейрамханаларға ережелер орындалмағаны үшін айыппұл салынды.



ВЕЛОЖҮРГІНШІЛЕР ҚАТАРЫ КӨБЕЙЕДІ

Биыл 1 маусымнан бастап елордада жаңадан 55 велостанса іске қосылмақ. Бұл туралы СТС компаниясы баспасөз қызметі мәлімдеді.



Осылайша велостансаларды іске қосудың үшінші кезеңі басталады. Елордалықтардың жайлылығы мен қалада жүру қолайлығы үшін қосымша 200 велосипед дайындалуда. Сонда қалада барлығы 155 стансада 700 велосипед тұрғындар үшін пайдалануға қолжетімді болмақ.

Велосипед тебу физикалық тұрғыда өте жақсы. Қауіпсіз спорт түріне жатады. Жүрекке, аяққа, өкпеге де жақсы. Бірақ көп адам аптасына 7 күн велосипедпен жүрсем нәтиже мықты болады екен деп қателеседі. Оның зияны

басым болуы мүмкін. Аптасына 3 күн 1 сағат велосипедпен жүру – қалыпты норма. Қыс бітті күн шықты екен деп бастап кетуге де болмайды. Жел салқын. Мамыр айынан бастау – ең тиімдісі. Бірақ міндетті түрде жылы киінген жөн. «Термо киім» киіп алсаңыз, өзіңізге жақсы. Тер тез сіңеді. Велосипед тепкенде құлаққап қолдануға болмайды. Бізде өзге дамыған елдердегідей арнайы қауіпсіз жолдар жоқ қой. Велосипед қауіпсіз көлік құралдарының бірі дейміз. Бірақ тек арнайы жолақ болса ғана.

6 МЛН ДАНА ГҮЛ ОТЫРҒЫЗЫЛАДЫ

Елордада гүлдер мен талдар отырғызу жұмыстары белсенді жүріп жатыр. «Астана – Зеленстрой» ЖШС Бас директорының орынбасары Бибігүл Бектемісованың айтуынша, 2020 жылы қалада 6 млн-ға дейін гүл отырғызылады.

«Бұл аталған кәсіпорын қызметкерлерінің өз ісіне деген зор ықыласпен күнітүні жұмыс істеуінің арқасында жасалады. Себебі гүл отырғызу зергерлік жұмыс секілді. Қаланы көгалдандыру мен гүл отырғызу үшін жан-тәнімізбен жұмыс істейміз. Біздің қызметкерлеріміз қала тұрғындарын қуантып, жақсы көңіл-күй сыйлау үшін еңбек етуде» дейді ол.

Жұмысқа күн сайын 130 гүлөсіргіш жұмылдырылады. Қызметкерлер қатаң санитарлық нормаларға сай жұмыс істейді. «Менің

басты міндетім – суару және гүлдерді күту. Жұмыс қиын, үлкен шыдамдылықты қажет етеді» деді «Астана – Зеленстрой» ЖШС қызметкері Айгүл Жайлаубаева. Нұр-Сұлтан қаласы әкімі орынбасары Алтынбек Қайсағалиев биыл көпжылдық гүлдерге басымдық берілгенін атап өтті. «Үйеңкі, жөке, емен, сирень, талдардың өсуіне басымдық береміз, мамық шашатын терек түрін отырғызбаймыз» дейді ол. Елорданы көгалдандыру және абаттандыру мақсатында биыл 30 мың ағаш отырғызылады.



■ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Өңірде үй аулалары ретке келтіріле бастады. Өткен жылмен салыстырғанда абаттандырылған аумақтар бірнеше есе көп болады. Әртүрлі абаттандыру жұмыстарымен 521 аула қамтылады. Сонымен қатар, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша 212 үйдің қасбеттері мен шатырлары жөнделеді.

■ МАҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Бұл аймақта жұмысы тұралаған 17 мыңнан астам шағын және орта бизнес өкіліне түрлі жеңілдіктер жасалмақ. Туризм, қоғамдық тамақтандыру және қонақ үй қызметтері саласындағы кәсіпкерлер жыл соңына дейін мүлік салығынан босатылды. Микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін барлық салық бойынша төлемдер мерзімі ұзартылды.

■ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Ақсу қант зауытында жаңа маусымға дайындық жүріп жатыр. Зауыттағы қалпына келтіру жұмыстары 18 мамырдан басталды. Қазіргі кезде цехтар тазаланып, тозған бөлшектер жаңасына ауыстырылуда. Бұған дейін жалпы саны 288 бірлік ауыл шаруашылығы техникалары мен құрал-жабдықтар сатып алынды.



ІКОМЕКТИҢ ЕКІНШІ МАРАПАТЫ

«Хрусталь гарнитура» халықаралық байқауында ІКОМЕК қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы екінші жыл қатарынан марапат алды.

Елордалық орталық Call Center Awards 2019-2020 халықаралық байқауында «Клиенттерді сараптау, зерделеу және түсінудің үздік практикасы» аталымында қазылардың жоғары бағасын алды. Ол осылайша Сбербанк, Банк ВТБ, Вымпел-коммуникациялар және т.б. байланыс орталықтары индустриясының алыптарымен бәсекеге түсті. ІКОМЕК ТМД елдерінің бизнес ұйымдары байланыс орталықтарының беделді байқауында екінші жыл қатарынан Қазақстанды танытып келе жатқанын


атап өту қажет.

ІКОМЕК қалалық орталығының басшысы Жаннат Дүбірованың айтуынша, байланыс орталықтары саласындағы халықаралық сарапшылар оларды тағы да ТМД ішіндегі үздіктердің үздігі деп мойындап отыр.

Еске сала кетейік, ІКОМЕК109 бірыңғай байланыс орталығы 2018 жылдың басынан беріп жұмыс істеп келеді. Сол уақыттан бері қала тұрғындарынан 3,6 млн астам өтініш қабылданды. Күн сайын 7 мыңнан 29 мыңға дейін өтініш түседі.

ЕГОВ БҰРЫШЫ МЫҢҒА ЖЕТКІЗІЛМЕК

Елімізде мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алу барынша ыңғайлы болады.



Осы мақсатта ХҚО ғимаратынан тыс жерде өз бетінше қызмет алуға болатын алты жүзге жуық егов бұрыштары жұмыс істейді. Таяу арада тағы 400 бұрыш ашу жоспарланған. Онда компьютері немесе интернетке қосылу мүмкіндігі жоқ қазақстандықтар электрондық үкімет порталында қолжетімді қызметтерді өздігінен ала алады. Бұрыштар облыс әкімдіктері, оқу орындары, медициналық ұйымдар, сауда және ойын-сауық орталықтарының ғимараттарында орналасқан.

Мемлекеттік корпорацияның басқарматөрайымы Әсемгүл Балташеваның айтуынша, індет қаупі сөйілмегендіктен, оның ХҚО-да таралмауына ерекше назар аударған жөн.

Бұл ретте, ХҚО-ға баратын уақыт аралығын алдын ала броньдау қа-

жет. Қазақстандықтар электронды қызметтерді өз бетінше үйде, кеңседе немесе өзіне-өзі қызмет көрсету секторларында ала алады» деді Ә.Балташева.

Сонымен қатар, аудандық маңызы бар қалалардағы ХҚО ғимараттарындағы өзіне-өзі қызмет көрсету секторлары бұрынғыдай жұмыс істейді. Ауылдық округтерде электрондық қызметтерді жергілікті әкімдіктер ғимаратында орналасқан егов бұрыштарында өз бетінше алуға болады.

Айта кетейік, мына санаттағы азаматтар: зейнеткерлер, көпбалалы отбасылар және мүгедектер электрондық қызметтерді халыққа қызмет көрсету орталықтарының ғимараттарында бұрынғыдай ала алады. Олар да кезек уақытын алдан ала броньдауы тиіс.

ҮНЕМДЕЛГЕН ҚАРАЖАТ ҚАЙДА ЖҰМСАЛАДЫ?

» Кеше өткен Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының кезекті сессиясына қала әкімі Алтай Көлгінов қатысып, карантин режимі кезінде шаһарда атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Экономикалық жағдайды тұрақтандыру, оның өсімін қалпына келтіру мақсатында қолға алынып жатқан шаралармен таныстырды.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

ЗЕРТХАНАЛАР САНЫ
КӨБЕЙДІ

– Қаламыз екі айдан астам уақыт бойы карантин режимін бастан өткеріп жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен енгізілген төтенше жағдай мерзімі аяқталғанымен, қауіп әлі сейілмей тұр. Вирустан құтылған жоқпыз. Президенттің дер кезінде қабылдаған шешімдері мен Үкіметтің қауіптің алдын алу шараларының арқасында індеттің жаппай таралуына жол бермедік. Жағдайды бақылауда ұстап, оны одан әрі ушықтырмау үшін нақты шаралар қабылданып, жүзеге асырылып жатыр, – деді А.Көлгінов.

Жергілікті бюджетті оңтайландыру нәтижесінде 35 млрд теңге үнемделетінін айтқан қала басшысы қазіргі таңда 28 млрд теңге оңтайландырылғанын, шығындарды тағы 7 млрд теңгеге қысқарту жоспарланып отырғанын жеткізді

Қазіргі таңда әкімдіктің басты міндетті вирусты жұқтырғандарды дер кезінде анықтау болып отырғанын мәлімдеген қала басшысы карантин енгізілгеніне шаһарда зертханалар саны көбейгенін атап өтті. Оның айтуынша, бастапқыда 1 зертхана жұмыс істесе, бүгінде бесеу болды. Жақын уақытта тағы үшеуі ашылады.

Медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету де – ең өзекті мәселелердің бірі. Сол үшін Орталық теміржол ауруханасы мен №2 қалалық емхана базасында пневмония мен ЖРВИ белгілі бар науқастар ғана қабылданды. Бұл дәрігерлердің вирусты жұқтыруын алдын алу мақсатында жасалды. Сондай-ақ 13 мамырдан бастап елорданың барлық 14 емханасында вирус жұқтырған, алайда нақты белгілері жоқ пациенттерді бақылауда ұстау үшін оқшауландырылған кіреберістер ұйымдасты-

рылды.

– Ауыртпалықтың барлығы кәсіби медициналық персоналдың иығына артылды. Сондықтан оларға ерекше алғыс айтуымыз керек. Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2 мыңнан астам инфекциялық, провизорлы, карантинді стационарлар мен қалалық жедел жәрдем стансасы қызметкерлері үстемеақы алды. Медицина қызметкерлеріне қонақ үйлерден бөлмелер беріліп, олар тамақпен, көлікпен қамтамасыз етілді, – деді қала әкімі.

БЛОКБЕТТЕРГЕ КІРІШ-ШЫҒУ ТОЛЫҒЫМЕН АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН

Қалалық жедел штаб жұмысын жалғастырып жатқанын айтқан ол

штаб мақсаты атқарылып жатқан жұмыстарды тәулік бойы үйлестіру болып отырғанын, бұл жұмыстың маңызды бөлігі кері байланысты қамтамасыз ету екенін жеткізді.

– Азаматтарды ақпараттандыруға арналған барлық алгоритмдер мен материалдар қала әкімдігінің ресми сайты әлеуметтік желілерде көрсетіліп, iKomek 109 қызметі операторлары тиісті кеңестерді береді. Жыл басынан бері бұл қызметке 1 миллионнан аса, ал карантин басталғалы 300-ден астам өтініш келіп түсті. Олардың бәрі жедел шешілді. Онлайн өтініштерден бөлек әкімдікке көмек сұрап келген адамдармен жұмыс жүргізілді. Осы аралықта тұрғындар жұмысқа орналасу, әлеуметтік және материалдық көмек алу, атаулы әлеуметтік көмек тағайындау, тағы басқа мәселелермен жүгінді, – деді А.Көлгінов.

Карантин аймағы мен оның шекараларында

тәртіпті қамтамасыз етуде цифрландыру үлкен маңызға ие екенін айтқан қала басшысы блокбеттерге кіру мен шығу толығымен автоматтандырылғанын жеткізді. Арнайы әзірленген ақпараттық жүйелер арқылы кірген-шыққан көліктерді бақылауда ұстауға, қаладағы көлік ағынын есептеуге мүмкіндік жасалды. Блокбеттердегі жағдай штабтан бейнекамералар көмегімен де бақыланады. Полицейлер планшеттеріне енгізілген электронды база да құқықбұзушылықтарды анықтауға мүмкіндік беріп отыр. Бұған қоса, Е-Карантин атты ақпараттық жүйе әзірленді. Оның негізгі мақсаты – санитарлы-эпидемиологиялық жағдайды қадағалау.

Төтенше режим жағдайын қамтамасыз ету үшін арнайы әскери жиындарға ерікті түрде әскери міндетті 150 азамат шақырылды. Олар жедел штаб, блокбеттер, қала нысандарын дезинфекциялау жұмыстарына қатысты. Жалпы алғанда тиісті жұмыстарға Қарулы Күштері, Полиция департаменті, Ұлттық ұлан жеке құрамы тартылды.

ЖҰМЫСТАН ҚЫСҚАРҒАНДАР ДАЛАДА ҚАЛМАЙДЫ

Экономикалық жағдайды тұрақтандыру мақсатында қолға алынған шараларға тоқталған шаһар басшысы Бизнесің жол картасы желісі бойынша жергілікті бюджеттен қаржы бөлінгенін атап өтті. Сонымен қатар жаңа бизнес жобаларды құруға гранттар қарастырылып, коммуналдық меншік нысандарын жалға алу ақысы 3 айға тоқтатылды. Төтенше жағдай кезеңінде несиелер бойынша айыппұл мен өсімпұлдар тоқтатылып, жеке кәсіпкерлер мен шағын бизнес өкілдеріне несиелер бойынша міндеттемелерді орындау уақыты шегерілді. Бұған қоса, айналымдағы қаржыны толтыруға шағын және орта бизнесті жеңілдікпен несиелеу бағдарламасы іске қосылды. Жұмыспен қамтудың жол картасы бағдарламасына қаржы



Алтай КӨЛГІНОВ,
Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың негізсіз шығыстарын қысқарту бойынша жұмыс жүргізілді. Оңтайландыру есебінен үнемделген қаражаттан әлеуметтік саланы қолдауға 16 млрд теңгеден астам қаржы бағытталды. Бұл апатты үйлерді сүру, жолдар, аулалар, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу, қоғамдық көлікті субсидиялауға жұмсалады. Білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік көмек жүйесін дамытуға 7 млрд теңге бөлінді. Бұл қаражат балабақшалардағы қосымша орындарға, медициналық жабдықтар сатып алуға, аз қамтылған азаматтарға әлеуметтік көмек көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Шағын және орта бизнесті қолдауға 5 млрд теңгеден астам бөлінеді. Осы қаражат әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын қолдау үшін несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға жұмсалады. Бюджетті оңтайландырудың жалпы сомасы 35 млрд теңгені құрайды

экономикасының» дамуына қойылатынын жеткізді.

Инвестициялық потенциалды дамыту мәселесін қозғап, Цифрлық дамудың жаңа қалалық стратегиясын таныстырды. Жалпы алғанда, әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша оң динамика байқалып жатқанын айтты.

БЮДЖЕТТІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ – ТИІМДІ ЖОЛ

Дағдарысқа қарамастан, осы жылға жоспарланған қала тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға бағытталған инфрақұрылымдық жобаларды аяқтаймыз, – деді А.Көлгінов.

Соның ішінде қолжетімді баспанамен қамту, үлескерлік құрылыс мәселелерін шешу, тұрғын алаптарын дамыту, мектептер мен әлеуметтік нысандар құрылысы, тұрғындарды әлеуметтік қолдау, қаланы газдандыру, нөсер сулары желісі құрылысы, жолдарды салу сияқты жұмыстарға жан-жақты тоқталды.

Жергілікті бюджетті оңтайландыру нәтижесінде 35 млрд теңге үнемделетінін айтқан қала басшысы қазіргі таңда 28 млрд теңге оңтайландырылғанын, шығындарды тағы 7 млрд теңгеге қысқарту жоспарланып отырғанын жеткізді.

Оның айтуынша, әкімдікке қарасты ұйымдардың басшылық құрамы қысқартылды. Бірқатар кәсіпорындардың жұмысы тоқтатылып, сенімді басқаруға берілді. Мәдени-бұқаралық іс-шаралардың саны қысқартылып, т.б. осы сияқты жұмыстар атқарылды.

«Астанаэнергосервис» АҚ-ты қайта ұйымдастыру 1 млрд теңгеден астам қаржы үнемдеуге мүмкіндік берді. Бұл қаражатқа қысқы коммуналдық техника сатып алынды. Бұған қоса, шығыны көп нысандарды сенімді басқаруға беру жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстар жыл сайын бюджет шығындарын 1,5 млрд теңгеге дейін азайтуға мүмкіндік береді.

«Астанаэнергосервис» АҚ-ты қайта ұйымдастыру 1 млрд теңгеден астам қаржы үнемдеуге мүмкіндік берді. Бұл қаражатқа қысқы коммуналдық техника сатып алынды. Бұған қоса, шығыны көп нысандарды сенімді басқаруға беру жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстар жыл сайын бюджет шығындарын 1,5 млрд теңгеге дейін азайтуға мүмкіндік береді

бөлінді. Бұл 15 мың жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

– Қазіргі кезде кәсіпорындар штатты қысқартуға мәжбүр болып отырғанда бұл аса маңызды жұмыс. Босаған жұмысшыларды жұмыссыздар ретінде Жұмыспен қамту орталығы тіркеуге алады. Біз дағдарысқа қарсы экономиканың негізгі бағыттарын айқындадық. Бұл бағыттар даму динамикасының сақталуын қамтамасыз етеді, – деді А.Көлгінов.

Осыған тоқталған қала басшысы елорданың өңірлік логистикалық хаб ретіндегі рөлі күшейетінін атап өтті. Қала экономикасын, соның ішінде өндірістік қуаттарды қалпына келтіру құралдары туралы айтып, негізгі екі «Қарапайым заттар



Айта кетейік, жұмыспен қамтудың жаңа бағдарламасы бойынша елордада 15 мыңнан астам адамды еңбекпен қамту жоспарланған. Қазіргі күні қалалық жұмыспен қамту орталығы нарықта сұранысқа ие мамандарды іріктеп, оларды жұмыс берушілермен әңгімелесуге жібереді. Жол картасы бойынша жалақы 85 мыңнан жоғары. Қазірдің өзінде осы бағдарлама бойынша астанада 1,5 мыңға жуық адам жұмысқа орналасқан.

БИЗНЕСТІҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ ҚАЛАЙ?

» Қазақстанда төтенше жағдайлар мен карантиннің салдарынан екінші деңгейлі банктер алдындағы жеке кәсіпкерлердің қарызы 147 млрд теңгеге, орта бизнестің қарызы 365 млрд теңгеге, шағын бизнестің қарызы 2,1 трлн теңгеге жеткен. Жалпы саны 32 947 кәсіпкерлік субъектісінің мойнында 2,6 трлн теңге мерзімі өткен берешегі бар.



Дәулет АСАУОВ

– Үкімет шағын және орта бизнесті тоқыраудан шығарып, тамырына қан жүгірту үшін жергілікті билікпен, әсіресе Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының әкімдерімен тығыз жұмыс істеуі қажет, – деген болатын ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдайды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік комиссияның отырысында.

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде ел алдында екі мәселе тұр: карантин режимін сақтау және жекелеген кәсіпорындарға нақтылы қолдау көрсету.

«Әкімдіктер санитарлық-эпидемиологиялық режимді қатаң сақтайтын, қашықтықтан жұмыс істейтін кәсіпорындардың тізімін әзірлеуі керек» деді Президент.

Осыған орай дағдарысқа қарсы жергілікті штабтар кәсіпорындардың жұмыс режимін, еңбеккерлерін тасымалдау тәртібін және басқа да ұйымдастыру-техникалық мәселелерін белгілеуі тиіс. Аталған шара Мемлекеттік комиссияның қайсыбір кәсіпорындардың қызметін қайта іске қосу жөнінде шешім шығаруына мүмкіндік береді. Қалыптасқан жағдай өңірлердің экономикасын жандандыруда атқарушы билікке артылатын жауапкершілікті бұрынғыдан бетер арта түседі.

КӘСІПКЕРЛІККЕ НАҚТЫ ҚАНДАЙ ҚОЛДАУ БАР?

Қазіргі күні Қазақстанда кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін тұлғалар үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылып жатыр. Бизнес субъектілерінің төтенше жағдай өткеннен кейін қызметін жалғастырып әкетуіне мемлекет тарапынан жеткілікті деңгейде қолдау көрсетіледі деп, хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

Соның бірі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ тарапынан жүзеге асырылуда. Сол арқылы отандық тауар өндірушілердің аяғына нық

4 БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ НЕСИЕСІН СУБСИДИЯЛАУ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

- «ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ»**
 Несие сомасына шектеу жоқ, Субсидияны есептегенде 6%, 10 жылға, басымдық берілген жобалар тізіміндегі салалар субсидияланады
- «НҮРЛЫ ЖЕР» ТҮРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫН ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ**
 Құрылыс компанияларының несиелері субсидияланады, несие сомасына шек жоқ. Субсидия көлемі – 7%, 3 жылға
- «ТӨМЕНКӨМІРТЕКТІ ДАМУҒА АРНАЛҒАН ТҮРАҚТЫ ҚАЛАЛАР» БАҒДАРЛАМАСЫ**
 Қуат көзін үнемдеу, энерготімді жобаларды жүзеге асырумен айналысатын, осы салада тәжірибесі мол кәсіпкерлердің несиесі субсидияланады. Несие сомасы 350 млн теңгеге дейін, мерзімі 6 жылға дейін, сыйақы мөлшерлемесінің 10% немесе негізгі қарыздың 40%-ына дейін
- «БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2025» БАҒДАРЛАМАСЫ**
 7 млрд теңгеге дейін. Субсидияны есептегенде 6%. 5 жылға, салалық шектеусіз, сауда саласын қоспағанда

тұрып кетуіне, жаңа жұмыс орындарының ашылуына, бұрыннан келе жатқан жұмыс орындарының сақталуына демеу жасалады. Мемлекеттік және Қордың өз бағдарламалары шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлікті жеңілдікпен қаржыландыру шарттары қарастырылған. Яғни, төмен пайызбен, ұзақ мерзімге несие беріліп, пайыздық мөлшерлемелері субсидияланып, банк талап еткен кепілзат жетпеген жағдайда кепілдік ұсынылады.

– Бұған дейін экономиканың жекелеген салаларын несиелеуге басымдық берілген болатын. Оған білім беру, медициналық қызметтер, IT бағыттары, қайта өңдеу өнеркәсібі – жалпы 14 сала бел-

гіленген. Енді төтенше жағдайларға байланысты барша қазақстандық бизнес үшін жаңа проблемалар туындап отыр, сондықтан ол шектеулер алынып тасталды. Қазіргі күні Үкімет кәсіпкерлік субъектілері дағдарысқа дейінгі деңгейіне жетуі және одан әрі дамуы үшін жалпы барлық бизнес нысандарына қолдау көрсетуге әзір, – деді «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалының директоры Нұрсұлтан Абдолла.

2010 жылдан бастап «Даму» Қоры «БЖК 2020» бағдарламасы аясында шағын кәсіпкерлердің несиесіне кепілдік беру құралын енгізді. Бұл – кәсіпкерлерді қаржылай қолдау құралы және банк

талап еткен кепілзат жетпеген жағдайда кепіл болады.

Қор, сондай-ақ банктер, микроқаржы ұйымдары және лизингтік компаниялар арқылы «Еңбек» бағдарламасы, ҚР Ұлттық қорынан өңдеу өнеркәсібі саласындағы ШОБ қолдау бағдарламалары бойынша, 17 өңірдегі аймақтық бағдарламалар бойынша жеңілдікпен несие беру бағдарламаларының операторы. Субсидиялау әдісі бойынша ТЖ режимі кезеңінде Қор 72,4 млрд теңге сомасына 348 жаңа жобаны қолдады және 324 млрд теңге сомасына 2250 жоба бойынша қайта құрылымдау ұсынысын мақұлдады. Кепілдік беру бойынша 10,2 млрд теңге сомасына 173 жоба қолдау тапты, берілген кепілдік сомасы 4,3 млрд теңгені құрады. Қор кепілдік беру жобалары бойынша 2 637 жоба бойынша 80,2 млрд теңге несие сомасына қайта құрылымдауды мақұлдады, кепілдік сомасы – 36,3 млрд теңге.

Нұрсұлтан Абдолланың айтуынша, Қор бизнес субъектілеріне қолдау көрсету бойынша елорда әкімдігімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Қазіргі кезде жергілікті кәсіпкерлерге нақты қандай мемлекеттік көмектің керектігі, оларды алу жолдары түсіндіріліп, ақпараттандыру шаралары жүргізіліп жатыр.

ОТАНДЫҚ ӨНЕРКӘСІПТІ ДАМУҒА ЖӘНЕ ЖҮМЫСПЕН ҚАМТУ

Коронавирус індеті ел экономикасына және еңбек нарығына теріс әсер етті. Осыған орай Үкімет жаңа «Еңбекпен қамту жол картасын» жүзеге асыруды қолға алды.

5 мамыр күні өткен Үкімет отырысында ҚР премьер-министрі Асқар Мамин жергілікті атқарушы органдар инфрақұрылымдық жобаларды толық көлемде жүзеге асыру керектігін қадап айтқан болатын. Бұл жағдайда отандық кәсіпорын-

дарды дамытуға назар аудару қажеттігін ескертті.

– Әкімдіктер инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру барысында отандық тауарларды, қызметтерді және жұмыстарды сатып алуға басымдық берілуі қажет. Бюджеттен бөлінген қаржы түгелдей ел экономикасын дамытуға жұмыс істеуі тиіс, – деді Үкімет басшысы.

Асқар Ұзақбайұлының айтуынша, өндірісте қолданылатын құрылыс материалдары мен қызмет түрлерінің 90%-ы, мердігерлердің 50%-ы міндетті түрде отандық нысандар болуы маңызды. Сондай-ақ жастардың еңбекке жұмылдырылуына ерекше көңіл аударылады. Жол картасына қатысқан жастарға екі жалақы көлемінде көтермеақы беріледі.

Осыған орай, өткен аптада астаналық штабтың еріктілері тұрғындарды «Жұмыспен қамту жол картасы - 2020-2021» бағдарламасына қатысуға шақыру акциясын ұйымдастырды. Олар халық көп шоғырланатын ірі сауда орталықтары мен базарларда, басқа да қоғамдық орындарда болып, көпшілікке аталған шараның артықшылықтарын түсіндірді, насихат жұмыстарын жүргізді.

– Екі қолға бір күрек таппай жүрген жандардың көпшілігі өздеріне жұмыс беретін, лайықты жалақы алатын бағдарламаның барын білмейді. Біз көмекке жүгінгендердің барлығына қол ұшын созуға дайынбыз. Бұл бір реттік акция емес, мұндай үгіт-насихат тұрақты түрде жүзеге асырылып тұратын болады, – дейді ерікті Бақтияр Есентаев.

Айта кетейік, жұмыспен қамтудың жаңа бағдарламасы бойынша елордада 15 мыңнан астам адамды еңбекпен қамту жоспарланған. Қазіргі күні қалалық жұмыспен қамту орталығы нарықта сұранысқа ие мамандарды іріктеп, оларды жұмыс берушілермен әңгімелесуге жібереді. Жол картасы бойынша жалақы 85 мыңнан жоғары. Қазірдің өзінде осы бағдарлама бойынша астанада 1,5 мыңға жуық адам жұмысқа орналасқан.

P.S: Күні кеше ғана Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновті қабылдағанда инвестиция тарту, шағын және орта бизнесті қолдау, әлеуметтік жағдайды төмен азаматтарға көмек көрсету мәселелеріне баса назар аударды. Сондай-ақ инфрақұрылымдық жобаларды, оның ішінде, мектептер мен оңалту орталығын салу, жолдар мен әлеуметтік нысандарды жөндеу, көшелерді, тұрғын үй алаптары мен қоғамдық орындарды абаттандыру сияқты жұмыстарды сапалы жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті. Құрылыс секторының қарқындылығын арттыру, үш ауысымдағы мектептердің мәселесін шұғыл шешу, сондай-ақ қала тұрғындарын жұмыспен қамту жөнінде тапсырма берді.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Туризм саласы соңғы жылдары әлемдік экономиканы жаңдандырып, халықтың тұрмысын жақсартуда, жұмыссыздықты азайтып, кәсіптену орайын арттыруда аса маңызды рөл атқарып келеді. 2019 жылы аталған саланың әлемдік GDP-ға қосқан үлесі 6.8 пайызды құрап, 300 млн жұмыс орынның ашылуына себепші болған. Бұл әлемдегі жалпы жұмыс орын санының 9 пайыздан астамын ұстайды. Міне, осы көрсеткіштерді алға тартқан әлемдік туризм ұйымы 2020 жылы әлемдік туризм 2018-2019 жылдармен салыстырғанда тіпті де жандана түсуі мүмкін деп болжаған еді. Алайда ойламаған жерден сап ете түскен әлемдік пандемия жарты жылға жетпейтін уақытта туризм саласын тығырыққа тіреп тынды. Индеттің қатты асқынуына байланысты көптеген елдерде төтенше жағдай жарияланып, шетелден келетін қонақтарға шектеу қойылып, шекаралары жабылса, карантинге байланысты әлем халқының 3/2-і үйде отыруға мәжбүр болды. Осыған ілесі қатынас-тасымал саласы, қонақ үй, асхана кәсібінде де жұмысы тоқтап, саяхат орындарды жаппай жабылды. Нәтижесінде саяхат шаруашылығынан 2020 жылы «980 миллиард доллар кіріс кіреді» деген жоспар адыра қалып, туризмнен түсетін табыс 450 миллиард долларға дейін қысқарған.

ЕУРОПА ТУРИЗМІНІҢ ШЫҒЫНЫ БРЕСЕН

Әлем бойынша индетін 5.5 миллионнан астам адам жұқтырып, 350 мың адам осы индеттен көз жұмды. Қазірге бұл индеттің алдын алудың жұртты үйден шығармаудан басқа өнімді шарасы болмағандықтан, әлем елдерінің көбі іркестірес төтенше жағдай жариялап, қатаң карантин режимін енгізді. Алайда карантин уақытының ұзаруы әр елдің экономикасына, соның ішіндегі туризм саласына үлкен соққы болды. Әсіресе, жыл сайын туризмнен 200 миллиард еуроға жуық пайда табатын Еуропа елдерінің экономикасы үшін коронавирус пандемиясы ауыр соққы болып тиді. Мәселен, туризм индустриясы ел экономикасында айрықша маңыз алатын Испанияда туризмнен кіретін кіріс жалпы ішкі өндіріс өнім мөлшерінің 12 пайызын құраса, әрбір бесінші адамның бірі туризм саласы бойынша жұмыс істейтін. Жыл сайын 80 миллионнан астам туристі қабылдайтын бұл ел биылғы жылдың алғашқы жарты жылын индетпен алысумен өткізіп, ешқандай шетелдік саяхатшы қабылдай алмаған болатын. Жақында Испания Премьер-министрі Педро Санчес шілде айында елдің туристер қабылдауға дайын екенін мәлім етті. «Испания туризмге мұқтаж. Біз Испанияда туристерге

ТҰРАЛАҒАН ТУРИЗМ ҚАЙТА ТҮЛЕЙ МЕ?

» Дүниені діңкелеткен Covid-19 индеті жаһандық туризм шаруашылығын да орасан зор шығынға ұшыратты. Дүниежүзілік туризм ұйымның мәліметіне сүйенсек, биыл жыл басынан бері саяхатшылардың саны 80 пайызға дейін азайып, әлемдегі әйгілі туристік орындардың 96 пайызы жабылған, миллиондаған адам жұмыссыз қалып, саяхат шаруашылығынан кіретін кіріс жоққа тән болған. «Бұл осы заман тарихындағы, тіпті, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде де бұрын-соңды болмаған жағдай» екенін алға тартқан саяхат саласының мамандарды әлем елдерін экономиканы жандандырып, жұмыссыздықты азайту үшін тұралаған туризмді қайта жандандырудың жаңа жолын қарастыруға шақырды.

төніп тұрған қауіптің жоқ екеніне кепілдік береміз» деп атап өтті ол.

Тұтас Еуропаның басқа елдерінде де осындай жағдай болғандықтан, еурокомиссия жақында одақтас елдер үшін туристік маусымда тығырықтан шығудың жолын ұсынды. Ұсыныс бойынша Еуропа елдері жазда вирус индеті бәсеңдеген өңірлерде индеттен сақтану шараларын сақтай отырып, туристік орындарды ашуы тиіс. Еуроодақ басшылығының бұл ұсынысын алғашқы болып Грекия билігі қолдап отыр. Қазір бұл елде шектеу шараларының жеңілдеуіне байланысты археологиялық ескерткіштер ашылды. Мұражайлар келесі айдың ортасынан бастап жұмыс істей бастаса, туристік маусымды ашу шілде айына жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, көптеген Еуропа елдері еурокомиссия көмегіне, тек өзара келісім арқылы шекараларын ашуда. Түркия маусым айынан

бастап туристерді қабылдайды. Алайда саяхатшыларды қабылдайтын қонақүйлер «салауатты туризм» сертификаттарын алуы тиіс. Сонымен қатар, барлық қонақүйлер «оқшаулау бөлмесін» дайындауға міндетті. Саяхатшының жүктері қонақ үйде арнайы сұйықтықпен тазаланады. Қонақтар кіреберісте орнатылған «дезинфекция туннелінен» өтіп, дене қызуы өлшенеді. Бұл

елде туризм, негізінен, наурыз айынан басталатын. Алайда әлемді шарпыған индет бұл салаға қатты әсер етті. Әрине, мемлекет қолдау көрсетті. Бірқатар салықтар мен өтемерді кейінге қалдырып, қонақүй қызметкерлерінің 70 пайызының жалақысын төледі.

Грузия – шетелдік туристерді қабылдауға дайын алғашқы елдердің бірі. Ел аумағында әлі төтенше жағдай

Жыл сайын туризмнен 200 миллиард еуроға жуық пайда табатын Еуропа елдерінің экономикасы үшін коронавирус пандемиясы ауыр соққы болып тиді. Мәселен, туризм индустриясы ел экономикасында айрықша маңыз алатын Испанияда туризмнен кіретін кіріс жалпы ішкі өндіріс өнім мөлшерінің 12 пайызын құраса, әрбір бесінші адамның бірі туризм саласы бойынша жұмыс істейтін. Жыл сайын 80 миллионнан астам туристі қабылдайды екен

аяқталмағанымен, бұл елде туристік орындарды ашуға дайындық қызу жүріп жатыр. Екі айға жалғасқан карантин салдарынан туризм саласы зор шығынға батты. Енді мемлекет оны қалпына келтіріп, тым болмаса шығындарын өтеп алуға үмітті. Сарапшылар Грузияда туризм саласы жанданатынына сенімді. Осыған байланысты үкімет туризмді жаңғыртуға бағытталған жоспарды жүзеге асыра бастады. Өзге елдермен әуе қатынасты қалпына келтіру жөнінде келіссөздер жүргізіп, шетел қонақтарының қауіпсіздігіне кепілдік бермек.

ОНЛАЙН ТУРИЗМ ОҢТАЙЛЫ БОЛА МА?

Египет әлемдегі онлайн туризмді дамытқан алғашқы елге айналмақ. Себебі маусымның басында ғаламтор арқылы мұндағы Гиза пирамидаларына алғашқы экскурсия басталады. Оған кез келген адам үйден шықпай-ақ қатыса алады. Бастысы, сайтта тіркелу қажет. Оның құны тандалған бағдарлама түріне қарай 100 доллардан 300 долларға дейін жетуі мүмкін. Туристік сектордың өкілдері биліктің бұл бастамасын бірауыздан мақұлдап отыр. Олар виртуалды әлем ел экономикасын дағдырыстан құтқарады деген үмітте. Сөйтіп өткен аптадан бері бұл туристік компаниялар тарихшы, эколог, IT мамандары мен блогерлерді жұмысқа ала бастаған. Барлығы жұмылып, осы айдың соңына дейін осы елдің беткеу орындары мен теңіз түбіне жасалатын онлайн экскурсияның пилоттық жобасын әзірлеуі тиіс. Алайда бұған мемлекеттік бюджеттен бір тиын да бөлінбеген. Шығынның бәрін жергілікті кәсіпкерлердің өздері өтейді. Мамандардың болжауынша, онлайн экскурсиялардың арқасында мемлекет шығынның жартылай болса да орын толтыруды көздейді.

Дей тұрғанмен, бұл елде туризмді жандандыру жөніндегі жобалардың өнімі ойдағыдай болмай тұр. Мәселен, туристік ірі компаниялар биліктің коронавирусқа байланысты қабылдаған соңғы реформаларына қарсы шықты. Себебі бұл елде қонақүйлер өз есебінен ғимарат ішіне антисептик аппараттарын орнатып, үнемі залалсыздандырып отырумен қатар, дәрігер эпидемиологтарды жұмысқа қабылдауы тиіс. Мұндай шығындар көп компанияның бюджетінде қарастырылмаған. Сонымен қатар, мейманханалар коронавирусты жұқтырмағаны жайлы анықтамасы бар 48 жасқа дейінгі адамдарды ғана кіргізуі тиіс. Ал ғимараттардың толтырылуы 50 пайыздан аспауы қажет. Кәсіпкерлер бұл ереже жасы 50-ден асқан саяхатшыларды кемсіту деп біліп, наразылық танытып жатыр. Оларға шағын кәсіпкерлер де қолдау білдірді. Жаппай наразылыққа туристік фирмалар да қосылды.

ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМІНІҢ ҚАДАМЫ ҚАЛАЙ БОЛМАҚ?

Қазақстан туризмі ерекше өркендеген ел болмағандықтан, коронавирусқа қатысты ахуал біздің елге де әсерін тигізбей қойған жоқ. Енді-енді аяққа тұра ма деген ішкі туризм саласының да салы суға кетіп тұр. Дегенмен, биыл Қазақстан туристерінің шетел асып саяхаттау мүмкіндігі тым төмен болғандықтан, маусым айынан бастап елімізде ішкі туризмнің жандануынан үміт зор. ҚР туристік қауымдастығының директоры Рашида Шайкенованың айтуынша, Қазақстан туристік қауымдастығы Алакөл, Бұрабай сияқты шипажай курортты орындарға туристер ағыны артағынын болжап отырған көрінеді. «Қазір тек ішкі туризм ғана жанданады деген үміт бар. Себебі карантиннен зеріккен адамдар Қазақстанның ішінде саяхаттауды ұйғарады деп үміттенеміз. Алайда аса сенімді емеспіз. Себебі девальвация мен инфляция тұтынушылардың демалысқа деген қаражатын басқа жаққа жұмсауына ықпал ететіні сөзсіз. Десе де, Алакөл сияқты тағы басқа шипажайлық курортты орындарға, оңалту шараларына сұраныс болуы мүмкін» деді Р.Шайкенова.

Жылда шетелден келетін саяхатшылардың дені туристік компанияларға жарты жыл бұрын тапсырыс беретін. Биыл ешқандай тапсырыс қабылдағанымыз жоқ. Орта азия саяхатының көшбасшысы Өзбекстанда да жағдай осындай. Алайда биыл жылдағымен салыстырғанда ішкі туризм жандануы мүмкін. Өйткені Италия, Франция, АҚШ, Қытай сияқты саяхат шаруашылығы дамыған елдерге барып, дем алып қайтуға ешкім тәуекел етпейтіні анық. Бірақ бұл жерде бірнеше ай бойы карантинде отырған халықтың қалтасы көтере ме деген мәселе бар, – дейді «Алтын көпір» халықаралық саяхат серіктестігінің директоры Амантай Тұрсынұлы. Амантайдың айтуынша, туризмді жандандырудың алғы шарты индетті тізгіндеу, индет тізгінделмей тұрып, мемлекет қандай жоспар жасаса да, оның өнімі болмайды.

Шынымен де, биыл екі ай бойы карантинде отырған халық индет тізгінделіп, жағдай сабасына түссе, демалыс орындарына қарай лап қоюы ықтимал. Алакөл, Бұрабай және Каспий жағалауындағы туристік орындарға қазірдің өзінде тапсырыс молайған. Баянауылда да туристер молайды деген болжам бар. Осы жағдайға байланысты ішкі туризм жанданса, онсыз да шетелден қымбат Қазақстанның туристік орындары бағаны тіпті аспандатып жібермей ме, саяхатшы ағыны молайса, оларды қабылдап, ойдағыдай қызмет көрсетуге біздің саяхат орындары қауқарлы ма деген мәселе де алға шығады.





АЛАШТЫ ҰРАН ЕТКЕН ҰЛ

» Ұлт мұратын ұлықтау әсіре қызыл ұранмен емес, ел игілігіне адал қызмет етумен іске асарына ден қойсақ, кейінгі елу-алпыс жыл бедерінде алаш баласының ардақтысына айналған бірегейлер легінде өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бері бүкіл саналы ғұмырын әдебиетке арнаған ғалым, ұстаз, қаламгер Рымғали Нұрғали тұлғасы өркештене танылады.

Бүгінгі таңда есімі алаш баласының мақтанышына айналған академик Рымғали Нұрғалидың азаматтық сапарының бастауы «түрі – ұлттық, мазмұны – социалистік өнерге» сара жол ашылып, іші-сырты бірдей ұлттық хас өнердің қолына білекшін, аяғына кісен салынған, кеңестік билік басына бірінен соң бірі келген «көсем» хатшылардың аузынан шыққанды әулиенің сөзіндей бағып, ауанына жығылып, ыңғайына құлағыш «оқығандардың» айы оңынан туып тұрған кезеңмен орайласты. Ғылым мен өнерді нан тауып, нәпақа айырудың көзіне балаған жағдайда, университет қабырғасынан енді шыққан жас жігіттің алдында «үлгі» аларлық «тағылымды жолдардың» талай түрі болғаны да шүбәсіз. Талай-талай талапты жастың сол жылдары коммунистік идеологияның шылауында кеткені де шындық.

Қазіргінің көзімен қарағанға «қалың ел, қайран жұрттың» арманы мен аңсарын, мұраты мен мұңын бала кезден Абай, Шәкәрімдей даналардың сөздері арқылы құлағына сіңіріп, санасына ұялатып жетілген, есейе келе Мұхтар Әуезов, Бейсенбай Кенжебаев тектес арлы ғалым-ұстаздардың алдын көріп, ұлағатын дарытқан жастың ұлт игілігіне қызмет етуден басқа жолды таңдауы мүмкін еместей сезілетіні бар. Алайда өткен ғасыр үлесіндегі кеңестік жылдарда уақыт ырқына ыңғайлана отырып, ұлт қажетін

ақтайтын ой-пікірлерді, дәлел-деректерді сыналап жеткізудің өзі ақкөз батырлықпен пара-пар болғаны бүгінде баршаға аян.

Ұтырлы тұста айта кету абзал, қазақ халқының кемел ой мен көркем сөз дүниесіндегі тарихы көне дәуірлерден тамыр тартып жатқандығын, ғасырлар бойына қалыптасқан ұлттық таным, көркемдік дәстүрлердің кеңестік кезеңдегі әдебиетке де игі ықпал тигізіп отырғанын, тамырында ұлттық қасиет тулаған туындылардың ғұмыры ұзақ боларын орайлы тұстарда оңтайын келтіре аңғарту әдебиеттанушы Р.Нұрғали зерттеулерінде әзелден етене сипат болып қалыптасты. Аталмыш ерекшелікті ғалымның 1968 жылы жарық көрген «Трагедия табиғатынан» бастап, тәуелсіздік жылдарында жарияланған зерттеулеріне дейінгі аралықтағы үлкенді-кішілі еңбектерінің қай-қайсынан да көре аламыз.

Ұлт мұратын дйттеген ашық пікірдің жолы кесілген кезеңде шындыққа ұмтылған талабына бола, әділетке жүгінген ойларына бола қаншалықты қиянатқа ұшырағанын, ақиқатқа құштар жанының қаншалықты азап кешкенін түсіну үшін ғалым ағаның өзін тындасаңыз, ол: «1973 жылы мамыр айында Қазақ университеті филология факультетінің Ғылыми кеңесінде «Қазақ драматургиясының поэтикасы» тақырыбында докторлық диссертация қорғадым. Жасым 33-те,

– дей келіп, қорғаудан кейінгі қысынсыз дау-дамай, негізсіз домалақ арыздар жайында айтып өтеді де, – Диссертация көптеген сараптан өтіп, енді бекиін деп тұрғанда, «алашордашыл, ұлтшыл авторларды мақтаған» деген мықты арыз барды. Сол арыз ақыры алғашқы докторлық диссертацияны «өлтірді» деп қайыра салады. Ащы да болса, шындық. Қаскөйлік диссертацияны «өлтірді». Бірақ жеңіске жете алған жоқ.

«Алашордашыл авторларға» бүйрегі бұратын ғалымның кеңестік кезеңде кеудесінде сәулесі бар қауымға ишаралай жеткізген ұлттық көркемдік дәстүрге қатысты, қазақ халқының біртуар тұлғаларына қатысты ой сілемдері тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ жоталана тұтасып, ғылыми-әдіснамалық ұстанымға ұласты. Әдебиеттанудағы ілкі ізденістерінің өзінде із тастай бастаған ұлттық идеяға негізделген әдіснама ғалымның «алаш ұран-

ды әдебиет» (Р.Нұрғали) өкілдеріне арнаған еңбектерінде айшықтала танылды. Бұл – осынау үлкен мақсат жолында ұзақ жылдар бойына сан қилы қыста-лаң-қыспақты, әділетсіздік пен арсыздықты бастан өткерген Алашұлының (М.Құл-Мұхаммед берген әділетті баға) ғана емес, ұлттық әдебиет ғылымының да жеңісі болғаны даусыз.

Ықылым замандардан ынтымақ пен ерлік ұранын ту еткен әдебиетіміздің өркендеу сапарындағы өрісті бағыттардың көшбасына айналуға көркемдік қуаты толығымен жететін шырайлы да шұрайлы туындылармен қоса, барша адамзат тарихында алашақ орны бар ұлт перзенттерінің өзін де туған елінің жадынан өшіруге жан салған саясаттың тұсында төл топырағымыздағы сопылық ойдың сардары Ахмет Ясауиден ұлттық театр өнеріндегі қарлығаш қазақ Жұмат Шанинге дейінгі аралықта ғұмыр кешкен дарабоз дарындардың есімін де, еңбегін де халық санасында жаңғыртуға, сол арқылы идеологиялық тұман ішінен сәуле іздеп қарманған қалың қауымға тарихының тереңдігін, болмысының дегдарлығын танытуға мақсат ұстанған Р.Нұрғали еңбектері әдебиеттану ғылымының жетістіктері болып қана қалмай, қоғамдық сананы қалыптастыруда да маңызды қызмет атқарды.

Тарихты тану өткенге тағзым етумен шектелсе, тоқырауға жол ашпақ. Бүгін мен ертеңге жол сілтер тағылымға ұласса, кемелдікке бастамақ. Бұл, әсіресе, көркемдік даму үрдісінде жетекші мәнге ие алғышарттардың бірі. Демек, мәдениеттің мәйегі – көркем сөз өнерінің мүмкіндігін халық игілігіне барынша жаратуды көздеген әдебиеттанушы үшін өз тұсындағы әдебиеттің бары мен жоғын түгендеп, олқының орнын толтыруға ұмтылу – азаматтық парыз. Парыз алғаусыз ниетке тиянақты білім мен тынымсыз еңбек ұласқанда ақталмақ.

Академик Нұрғалидың әдебиетімізде кенжелей туып, ғылымда кешендеу қолға алынған көркем сөз үлгісі – драматургияның тарихы мен теориясын сабақтастыра зерттеп, әлемдік жауһарлармен салыстыра зерделеу арқылы дәйектей көрсеткен тұжырым-пікірлерінің ұлттық драма өнерінің жетіле түсуінде әсер-ықпалы аз болмағандығын көзі қарақты, көңілі таза қауым жоққа шығармасы хақ

Академик Нұрғалидың әдебиетімізде кенжелей туып, ғылымда кешендеу қолға алынған көркем сөз үлгісі – драматургияның тарихы мен теориясын сабақтастыра зерттеп, әлемдік жауһарлармен салыстыра зерделеу арқылы дәйектей көрсеткен тұжырым-пікірлерінің ұлттық драма өнерінің жетіле түсуінде әсер-ықпалы аз болмағандығын көзі қарақты, көңілі таза қауым жоққа шығармасы хақ. Жалпы, ғалым назарына ілікпеген әдебиет саласы жоқ. Ол қандай мәселе төңірегінде ой толғаса да, сыншы ретіндегі, зерттеуші ретіндегі түпкі мұраты әдебиет пен ғылымның дамуына, қаламгер мен ғалымның өсуіне, әлеуметтің таным-түсінік аясының кеңеюіне қызмет ету болғандығы үлкенді-кішілі еңбектерінің әрқайсынан-ақ аңғарылып тұрады.

Халқының қызметшісі болуды өмірінің мәніне ай-

осы жайтты естіген Светқалидың мерейі таси шаттанғаны да шындық.

Шәкіртке білім беріп қана қоймай, қабілетіне сенім, арманына қанат бітіру – нағыз ұстаздың ғана бойынан табылар қасиет екенін ойласақ, Рымғали аға – қасиет қонған ұстаз. Бұл сөзіміздің шындығына дәрісін тыңдап, тәлімінен үйренген кешегі студенттерден ғылым докторларына дейін жалғасып жатқан шәкірттері куә.

Дана Абайдың поэзиясы мен ұлы Әуезовтің туындыларына, олар жайындағы ел әңгімелеріне ес білгеннен қанығып өскен жанның ойы орамды, тілі шалымды қаламгер болмасқа әддісі де жоқ-ау. Тіл байлығы мен бейнелеу шеберлігін көсіле көрсетуге мүмкіндік бермейтін ғылыми зерттеулердің өзінде суреткерлік қабілетін қажетінше пайдаланып қалатын ғалым аға көркем шығарма жазуға құлай

Шәкіртке білім беріп қана қоймай, қабілетіне сенім, арманына қанат бітіру – нағыз ұстаздың ғана бойынан табылар қасиет екенін ойласақ, Рымғали аға – қасиет қонған ұстаз. Бұл сөзіміздің шындығына дәрісін тыңдап, тәлімінен үйренген кешегі студенттерден ғылым докторларына дейін жалғасып жатқан шәкірттері куә

налдырған адамның ұстаздық жолды таңдауы табиғи заңдылық сияқты.

Сексенінші жылдардың басында дәрісін тыңдап, жүріс-тұрысына дейін өзімізге үлгі еткен ағамыздың Бейсекеңдей ұстаздарына, әріптес-тұстастарына, ізбасар іні-қарындастарына деген құрметін, білімділігі мен шешендігін айтпағанның өзінде, көркем сөздің шынайы қасиетіне енді-енді бойлай бастаған жас буын – шәкірттеріне деген ілтипатты бізді таңғалдыратын.

Бір ғана мысал. Сол жылдары жиі ұйымдастырылып тұратын поэзия кештерінің бірінде Светқали (Нұржанов) «Қара саба» деген жаңа өлеңін оқыды. Қазақы қасиетке, қазақы танымға, қазақы мінезге толы тамаша өлеңге жұрттың бәрі сүйсіне қол соқты. Ең ғажабы – ертеңіндегі дәрісті Рымғали ағамыздың «Қара сабаны» жатқа оқып бастауы болды. Қасымызда жүрген досымыздың өлеңін өзіміз пір тұтатын ұстаздың бір тыңдағанда жаттап қалуы бәрімізге кереметтей әсер еткені де, сабақтағы

берілсе, қазақ прозасында болмыс-бітімі өзгеге ұқсамайтын, алуан үлгідегі бірегей бейнелердің талай жасалар ма еді, кім біледі. Жазушы Рымғали Нұрғалидың қаламынан туған «Жартастағы қарағай», «Атшабыс ертең», «Ай қанатты арғымақ» секілді шығармалары осындай ойға жетелейді.

Айта берсе, ой көп. Кей-кейде қанатты қиял ырық алып кеткен сәттерде Рымғали ағам салқар дала төсінде шаңырақ тіктеген салуалы ақ орданың ішінде маңына үйірілген ұл-қыздарды ұлағатымен ұйытқан абыз болмысты ақылман аталықтай көрінетіні бар.

Адалына жүгінсек, саналы ғұмырын ұлт мұратына арнап, ғалымдық, ұстаздық, қаламгерлік күш-қайратын, білім-білігін ел игілігіне жұмсаған, еңбегінің жемісі бүгінге үлгі, ертеңге нұсқа болған, ұлт ұрпағының бірнеше буынын қанаттандырған абзал жүректі ағаны ата-лық десе, несі айып?!

Кенжебай АХМЕТОВ

БАТЫР ҚЫЗДАРЫМЫЗ – «ХАЛЫҚ ЖАУЫНЫҢ» ПЕРЗЕНТТЕРІ

КЕҢЕСТІК ТАРИХТЫҢ АШЫЛМАЙ ЖАТҚАН АҚТАҢДАҚТАРЫ КӨП. СОНЫҢ ІШІНДЕ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСҚА ҚАТЫСТЫ БҰРМАЛАУШЫЛЫҚТАР ЖЕТІП АРТЫЛАДЫ. БҰЛ МАҚАЛА ШЫҒЫСТЫҢ ҚОС ШЫНАРЫ АТАҢҒАН ҚОС БАТЫР ҚЫЗДАРЫМЫЗ – МӘНШҮК МӘМЕТОВА МЕН ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВАҒА АРНАЛАДЫ.

МӘНШҮК МӘМЕТОВА

Қан майданда ерлікпен қаза тапқан батыр қызымыз Мәншүктің әкесін кеңестер үкіметі алашордашы, «халық жауы» деп соттаған. Ол кезде қоғамда «халық жауының» балалары майданға өз еркімен аттанса, ата-аналарының жазасы кешіріледі» деген ұзынқұлақ хабар тараған. Осы сөз құлағына тигелі Мәншүк бір жыл бойы әскери комиссариаттың табалдырығын тоздырып жүріп, соғысқа өзі сұранып аттанады. Қаршадай қыз ол кезде әкесінің атылып кеткенін білмеген еді.



Ахмет пен Әмина Мәметовтер

Мәншүк 1922 жылы Батыс Қазақстан облысы Орал ауданында туды. Балалық шағы Жасқұс деген ауылда өтті. Әкесі Жиенғали қойма күзетшісі болды, анасы Тойшылыша үй шаруасымен айналысқан.

Әке-шешесінің азан шақырып қойған есімі – Мәншүк. Бала күнінде анасы «Моншағым» деп еркелеткен. Өсе келе оған Мәнсияның тілі келмей, өзін «Мәншүк» атаған. Кейін құжатына солай жазылып кеткен.

Батыр қыз 3 жасқа толған шағында ауылға Саратов қаласынан Жиенғалидың немере туыстары Ахмет пен Әмина Мәметовтер келеді. Бір перзентке зар болып жүрген Ахмет пен Әмина дастарқан

басында Жиенғалиға күтпеген жерден сәбиді асырап алғысы келетіндерін айтқан. Мәншүктің ата-анасының алыстан ат арытып келген құрметті туыстарының өтінішін жерге тастай алмапты, еріксіз келісіпті. Айта кетейік, Мәншүкті асырап алушы әкесінің немере інісі Ахмет – қазақтан шыққан алғашқы дәрігер, әйелі Әмина – әдебиет пәнінің мұғалімі.

30-жылдардың екінші жартысында Мәншүктің туған анасы мен әкесі бірінен кейін бірі бақилық болып кетеді. 1938 жылы дәрігер Ахмет Мәметовке «халық жауы» деген жала жабылып, ату жазасына кесіледі. Анасы Әминаның да басқан ізі аңдулы болған. Жесір

әйел мен кәмелет жасына енді толған бойжеткеннің тұрмыстары қатты нашарлап кетеді. Барша ағайын-туыс, дос-жаран «халық жауының» отбасымен араласуға қорықты. Мәншүк институттағы оқуын тастап, үкіметтің басқарма істерінде хатшы болып жұмысқа кірді.

Мәншүк майданға 1942 жылдың 13 тамызында Алматы қаласында құрылған жасақ құрамында аттанады. Батыр қыздың өз қалауы бойынша пулеметшілер ротасына жіберілді. Ол нәзік жанды қыз бола тұра соғыста батылдығымен, қайтпас қайсарлығымен қаруластарын талай таң қалдырған, талай ерлік істер жасаған. Сол үшін Мәншүк пулеметшілер батальонының бөлім командирлігіне тағайындалып, сержант атағы берілді.

Бірде батальон Изоча станциясын жаудан босатуға қатысты. Кескілескен соғыста кеңес әскері оңбай жеңіліп, көп сарбазынан айырылып, кейін шегінуге мәжбүр болды. Батыр қыз шегінген әскердің артын жауып, «Максим» пулеметімен тосқауылда қалды. Қайтпас қайсар ару осы соғыста жүздеген немістің көзін жойды. Ақырғы оғы қалғанша шайқасты. Қасындағы жолдастарынан айырылған Мәншүк жалғыз өзі үш пулеметті қатарынан қойып, жауды 3 сағат бойы бөгеп тұрған.

Ол 1943 жылдың 15 қазанында ерлікпен қаза тапты. Қаралы хабарға кеңес жауынгерлерінің қабырғасы қайысты. Өйткені сарбаздар Мәншүкті адамдық қасиеті мен жауынгерлік батылдығы үшін қатты құрметтейтін. Мәметованың өлімі туралы газеттерде жазылып, радиоларда айтылды. Арада 6 ай өткеннен кейін оған Кеңестер Одағының Батыры атағы берілді.

ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВА

Батыр қыз мына жарық дүниеде бар болғаны 19 жыл ғана өмір сүрді. Әкесінің аты – Нұрмұханбет, анасының аты Маржан еді, ал шын фамилиясы Сарқұлова болатын. Ата-анасы қызыл жендеттердің қолынан қаза тапты.

Әлия Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бұлақ ауылында 1925 жылы 25 қазанда дүниеге келді. Азан шақырып қойған аты – Лия. Ашаршылық жылдарында Әлияның 8 жасқа келген шағында анасы егістік даласынан картоптың қалдығын жинап жүріп, күзетшінің оғынан қаза табады. Әкесі Нұрмұханбет байдың баласы болғаны үшін қуғындалады. Әйелі қаза тапқанда қолында ұлы Бағдат пен қызы Әлия қалыпты.

Қуғында жүрген жалғызбасты әкеге екі кішкентайды қарау мүмкін бе, әкесі амалсыздан екі баласын Темір ауданының Шығырлы ауылында тұратын қарындасы Қанышаға тапсырып кетеді. Бірақ ұлы аяқ астынан ауырып қайтыс болып, әкесі жалғыз қалған Әлияны Ақтөбеде тұратын балдызы Әбубәкір Молдағұловтың қолына береді. Сөйтіп, болашақ мергеннің мұнан кейінгі өмірі Молдағұловтар отбасында жалғасады.

Көп кешікпей Әбубәкір Әскери-көлік Академиясына оқуға түсіп, отбасымен Мәскеуге кө-

шеді, сосын Ленинградқа ауысады, Әлияны өздерімен ала жүреді. Кейін нағашысы жұмыс бабымен Ташкентке ауысқанда Әлияны балалар үйіне тастап кетеді.

Сұрапыл соғыс басталған жылы Әлия Ленинградта №140-мектептің 6-сыныбын бітірген болатын. Қала блокадада қалды. Қала халқы төбеден томбылдап жауған бомбыларға да, аштық-жоқшылыққа да, жарықсыз, жылу-сыз үйге де үйренді, тек әйтеуір аман жүргендеріне шүкіршілік етті. Әлия мектептегі оқуынан кейін госпитальға барып, жараланған жауынгерлерге көмектесті.

1942 жылы Әлия Рыбинск авиатехникумына оқуға түсті, алайда 3 айдан кейін соғысқа сұранып кетеді. Атқарып-мергендерді дайындайтын әйелдер мектебіне түседі. Батыр қыз оқуға бар ынта-шын-тасымен беріледі, көз өткірлігін, мергендігін, қолдың дәлдігін көп жаттықтырды.

...1942 жылдың желтоқсанында 54-атқыштар бригадасының 4-батальоны құрамына түседі.

Бойжеткеннің алғырлығы, төтенше жағдайда шұғыл шешім қабылдай білу қабілеті, ойының жүйріктігі мен зеректігі шайқастың шешуші сәттерінде оны өзгелерден даралап тұрды.

1944 жылы 14 қаңтарда Псков облысының Казачиха деревнясын азат етуде Әлия ерлікпен қаза тапты.

Он тоғыз жастағы өрімдей қыз батальонының барлық офицерлері қаза тапқанда, жаңбырша жауған оқтың астында қатары сиреп қалған қаруластарын б рет шайқасқа өзі бастап шыққан.

Қаһарман қызға оған дейін ерлігі үшін «Даңқ» ордені табысталған болатын, қайтыс болғаннан соң Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Сөз соңы. Жалпы, мұрағат деректеріне сүйенсек, 2-Дүниежүзілік соғысқа Қазақстаннан 5183 қыз-келіншек аттаныпты. Олар сын сағаттарда ерлермен бірдей ерлік жасап, батырлық пен табандылықтың, Отанды сүйшіліктің жарқын үлгісін көрсеткен.



ЗҰЛМАТ ЗАМАН ЗАПЫРАНЫ

» Тарихтағы аса бір халқымызға жайсыз да, рахымсыз кезең – өткен ғасырдың отызыншы жылдары. Өсіресе, 37-жылдардағы сталиндік репрессияның зардабы орасан.

Осы бір зұлмат заманның нәубетін кино, газет-журналдар арқылы ғана емес, тікелей ҰҚК (КГБ)-нің архивтеріндегі қылмыстық істермен танысу барысында көз жеткізген едім. Небір жантүршігерлік, адам нанғысыз құжаттар үлгісін көрдім.

Зандылықтың, тергеудің не екенінен аздаған хабары бар мен, ондағы адам тағдырын оп-оңай шеше салған құжаттарды көріп бас шайқаудан басқа лаж таппаған едім.

Ойпырм-ау, Жапонияның қайда екенін, жапондардың кім екенін, бар-жоғын білмейтін ауыл қазақтарына Жапонияның шпионысың деп айып тағып, мойындатып, тағдыры-

на балта шаба салған сұмдықтарды оқыдым.

Бір ғана қылмыстық іспен, шағын қазақы аудан Ақтоғайдан (ол кезде Қоңырат ауданы болу керек) 65 адам халық жауы болып сотталып, он адамы бірден атылып, қалғандары дозақтың небір түрлерін көруге ұзақ жылдарға кете барған. Содан елге аман-есен келгені, мен білсем, үшеу ғана болатын.

Осы жазықсыздан жазаланғандардың біреуі – менің туған нағашы атам Әменнің Құтжаны еді. Тоқырауын өзенінің бойындағы сол кездегі «Үш өзеке» колхозының басқарма төрағасы болып тұрғанда, жаламен

айдалып кетеді. Сондағы бар кінәсі: елге сыйлы, беделі бар, ақынжанды, айналасына қамқор, еті тірі болғандығы. Бір ерекшелігі – жүйрік, жорға мініп, жалпы жылқының жайын бір адамдай білгендігі екен.

Айдалардың алдында, аудан орталығына НКВД-ға шақырылғаннан-ақ, одан үйге енді қайтып келмесін сезген Құтжекең, ауданға жүрерінде, әдеттегідей жорға атын мінбей, жаңа құлындаған ала биені ерттейді де, үйдегілерге құлынын алып қалындар дейді.

Екі күннен кейін, шұрқыраған биені дауысын естіп, үйдегілер сыртқа шықса, ала бие ер-тұрма-

нымен, жүгенсіз, құлын қамалған қораның алдында тыпырлап тұр екен. Үйдегілер биені тыныштандырып, құлынына қосып, ер-тоқымын сыпырса, оған қоса дорба байланғанын көреді. Ашса, дорбадан жаңа туған ұлына деп алып, беріп жіберген жас баланың киім-кешегі, ойыншықтар, т.б. үй жабдықтары шығады. Төрт баласының кенжесі – Ғазиздің (Ақтоғай өңірінде танылмай адам дәрігері болған) қырқынан жаңа шыққан кезі екен.

Аудан басында бала-шағасына керегін алып, дорбаға салып, ер-тоқыма байлап, НКВД-ға жеткен соң жануардың жүгенін сыпырып (оралып, бірдеңеге ілініп қалма-сын десе керек) биені ауылға қарай «Шу!» деп айдап жібереді. Сонда мал жайын жақсы білетін Құтже-

кең, биенің жас құлынына қайтсе де жететінін, өзінің қайтпайтынын елге сездірген екен.

Жарықтық, сол кеткеннен оралмай, 1943 жылы Волго-Вятск қаласында (атақты Беломорканал құрылысында) орыс басбұзарларының қолынан қаза тауыпты. Осыны, айдаудан аман қайтқан үшеудің бірі – кейін де «Дала академигі» атанған, атақты шопан, 98 жыл жасаған Көпбаев Зікірия марқұмнан естіген едік.

Ақтоғайдағы ағайындарды «Жапон шпиондарына» айналдырудың алдында Голошечкиннің «Кіші октябрь» мақсатты науқанының басталуы тұр. Сол 1937 жылы қазақтың қаймаққа шығар асылдарын жаппай қудалау мен жазықсыз жазалау басталған еді.

Көпболсын БЕКМАҒАНБЕТ, Ардагерлер Орталық кеңесі төрағасының орынбасары

Азамат
ЕСЕНЖОЛ

Кешен «Сталиндік вагон», «Қасірет қақпасы» монументінен, «Түңілу мен әлсіздік» және «Күрес пен үміт» мүсіндік композициялардан, тікенек сымды лагерь қоршауы мен күзет мұнарасынан, «Көз жасы» стеласынан, «Зерде» қабырғасынан, тұтқын әйелдер тұрған барак пен «АЛЖИР» тұтқындарын балаларынан айыру» диорамасы секілді бірнеше бөлімнен тұрады. Музей жәдігерлері екі қабатқа қойылып, алғашқы «Алаш» залы экспозициясы Қазақстанның Ресейдің патшалық империясы құрамына кіргеннен бастап, Кеңестік кезенді, 1937 жылдағы жаппай қуғын-сүргін бейнесін бедерлейді. Бұл бөлімде тарихтан сыр шерген мұрағаттық құжаттар, фото-бейне материалдары, жауап алудың хаттамалары, ату жазасына кескен бұйрықтар, қуғын-сүргінге ұшырағандардың жеке істерімен таныс боласыз. «АЛЖИР тұтқындары» деген екінші зал лагерьдің тарихы мен жазықсыз қамалған әйелдерге арналған. Онда олардың өмірі туралы деректер, отбасылық суреттер және жеке заттары мен өздері жасаған бұйымдары қойылған.

Бүгінде музей қорында он жеті мыңға жуық жәдігер бар. Бұл материалдар бізден басқа Өзбекстан, Ресей, Беларусь, Израиль, Грузия елдеріне барған іссапарда жинақталған мұрағаттық құжаттар мен фотосуреттер, балалардың жазған естеліктері. Сондай-ақ тұтқында отырған Әзиза Рысқұлова, Роза Цыпкина, Клара Брон, Софья Зильбербергтің балаларына жазған хаттары сақталған. Мұражайдағы бірегей жәдігер ретінде тұтқындағы аналарымыздың жартылай шикі нан мен тұздан жасаған миниатюралық мүсінделген жұмыстарын айтсақ болады. Сонымен қатар апалы-сіңлі Ира мен Зоя Новиковалардың халық комиссары Берияға анасын қайтаруды сұрап анініп жазған хаты жан тебіренеді. «Янина Германовичтің төрт айлық қызы Майяны лагерьде ораған көрпесі

АНАЛАР ТАРТҚАН АЗАП

» Ертеде жұрт «азап аралы» деп шошыған Ақмола облысы Целиноград ауданының Ақмол ауылындағы бұрынғы лагерьдің орнында қазір «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені орналасқан. Мұны қуғын-сүргін құрбандарына қойылған бірегей ескерткіш деуге болады.



мен кестеленген белдігі қойылған. Көрпені мұражайға тапсырғанға дейін олар оны ең қымбат отбасылық реликвия тәрізді сақтап келген» дейді «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінің директоры Самат Тергембаев. Адам атын естесе шошитын тар қапасақ ардақ тұтар асылдарымыздың әйелдері мен жалпақ жұртқа танымал азаматшалар қамалған. Олардың арасында Әзиза Рысқұлова және оның анасы Арифа Есенғұлова, Дәмеш Жүргенова, Рабиға Асфандиярова, әнші Лидия Русланова, жазушы Галина Серебрякова, жазушы Борис Пильняктың әйелі Кира Андроникашвили, Юрий

Трифоновтың әйелі Евгения Лурье, Булат Окуджава мен Майя Плисецкаяның анасы болыпты.

Қазірге дейін алыс және жақын шет елдерде тұратын лагерьде отырғандардың ұрпақтары мұражайға хабарлашып тұрады.

Музей құрылған күннен бастап қыр құлагері Илияс Жансүгіровтің баласы Саят Жансүгіровпен, дыбыссыз киноның актрисасы Рахиль Плисецкаяның баласы Азарий Плисецкиймен, ҚазКСР Денсаулық сақтау халық комиссары Хасен Нұрмұхамедовтің баласы Леон Нұрмұхамедовпен, еліміздегі тұңғыш прокурорлардың бірі Сүлеймен Есқараевтың қызы Мариэтта Есқараевамен, алғашқы банкир Төрбек Османовтың қызы Зарема Османовамен байланыс орнатып, олар туралы мәліметтер жинақтаған.

Сондай-ақ мұражайдың негізгі және ғылыми-көмекші қорларының материалдары бойынша «Тағдырларды біріктірген Қазақстан» кітабы, «Елбасының бастамасымен ашылған еді» каталогы, «ALASH – ALZHIR» екі томдық кітабы, «АЛЖИР» тұтқындары мен олардың балаларының «ALJIR. Qorqiništi tüstei... Kak strashnyi son...», «Ұрпақтар ұмытпайды» атты естелік жинақтары жарық көрген. Бүгінде «АЛЖИР» лагерьінде отырғандардың тізімі анықталып, цифрлы мәлімет базасы әзірленуде.

– ГУЛАГ лагерьлері ар-

ГУЛАГ ЛАГЕРЬЛЕРІ АРҚЫЛЫ 18 МЫҢНАН АСТАМ ӘЙЕЛДЕР ЭТАППЕН ӨТТІ, ОЛАРДЫ ҮНЕМИ ЛАГЕРЬДЕН ЛАГЕРЬГЕ АУЫСТЫРЫП ОТЫРҒАН. «АЛЖИР»-ДЕ БІР МЕЗГІЛДЕ 8 МЫҢҒА ЖУЫҚ ӘЙЕЛ ОТЫРҒАН

қылы 18 мыңнан астам әйелдер этаппен өтті, оларды үнемі лагерьден лагерьге ауыстырып отырған. «АЛЖИР»-де бір мезгілде 8 мыңға жуық әйел отырған. Олардың ішінде көбі орыс – 4390 (50 пайыз), еврей – 855 (20 пайыз), украин – 740 (15 пайыз) және 87 қазақ әйелі болды (2 пайыз). Сонымен бірге лагерьде неміс, фран-

цуз, швед, жапон, норвеж, австрийлік, поляк, грузин, армян, әзербайжан, литов, латыш және т. б. ұлттың әйелдері жазасын өтеген. Осында 600-ге жуық (нақты саны анықталып жатыр) әйел қайтыс болған, – дейді Самат Илиясұлы.

Быттыр ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының қолдауымен музей қызмет-

керлері қазан-қараша айында Санкт-Петербург, Тель-Авив және Тбилиси қаласына іссапармен барып, лагерьде отырғандардың ұрпақтарымен жүздесіп, олар туралы 500-ге жуық құнды материалдар жинақтап қайтты.

Ресейдегі «Қайта оралған есімдер» орталығының басшысы Анатолий Разумов кездесу барысында мұражай қорына Қостанайға анасымен бірге он жылға жер аударылған Люция Барташевичтің суретін, шай астындағы қаңылтыр қорашасын, бисермен кесте тігуге арналған бұйымдары бар ағаш сауыттың, қолмен кестеленген жастық тысы мен өзі тоқыған мойын шалмасын тапсырған. Сондай-ақ Санкт-Петербургте тұратын Татьяна Гротованың әжесі мен анасы жайында айтқан әңгімесі де әсерлі. «АЛЖИР» тұтқыны болған Клавдия Августин КАРЛАГ-тан 1943 жылы босатылғаннан кейін қызы Маринамен бірге Целиноградта тұрады. Анам: «Үнемі нан мен май жегіміз келетін» деп айтатын. Оған қандай дәмді тамақ ұсынсам да үнемі нан мен май ғана сұрайтын, ол кісі үшін өмірінің соңына дейін одан дәмді ас болған жоқ» деп шерлі күннің естелігін шертіпті.

Тель-Авив қаласына барған сапарда біздің мамандар «АЛЖИР» тұтқындарының ұрпақтарымен жүздесіп, Корет Бейт тфудот атындағы еврей халқы музейінде іссапар ұйымдастырады. Лагерьде болған жанның шөбересі Юлия Андис өзінің көрмесі мен анасы Татьяна және әжесі Валентина Шевченколардың жазып шығарған «Счастливое детство» атты кітабының таныстырылымын өткізіп, анасының «АЛЖИР»-дің ауыр күндері» деген тақырыпқа салған картиналарын мұражай қорына табыс етті.

Қазір біз сөз етіп отырған кешен – елорданың киелі жер картасына енген қасиетті орындардың бірі. Әсіресе, оған ел тұрғындары ғана емес, шетелдік қонақтар да жиі ат басын бұрады. Бүгінге дейін он мыңға жуық шетелдік келіпті. Қорыта айтқанда, «АЛЖИР» мемориалды мұражайы саяси қуғын-сүргін құрбандарына қойылған ескерткіш қана емес, одан сабақ алып, ой түйетін тарих деп айтуға болады.



📍 @NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

– Сіз зұлмат жылдарындағы Қарағанды облысында еңбекпен түзету лагерьлерін ұйымдастыру тарихын зерттеп-зерделеп жүрген ғалымсыз. «Қыс кезінде өлген сәбилерді ағаш бөшекелерге жинап, әбден толған соң барып көмгені туралы айтылатын» деректерді келтіре отырып, «Мамочкино кладбище» аймағының қорғауға алынбағанын алғаш мәселе етіп көтердіңіз. Мұны Аза тұту орнына айналдыру тарихқа құрмет болары сөзсіз, дегенмен, бұл ұсынысыңыз қолдау тапты ма?

– Сакральды, яғни қасиетті орындарды қадірлеу, ұрпақ тәрбиесіне пайдалану бағытында ғой әңгіме. Осыдан 2-3 жыл бұрын Елбасы болашаққа бағдар ретінде рухани жаңғыру бағытында мақала жазып «біз қалай жаңғырамыз» деген үлкен мәселені көтерді. Үлкен екі елдің арасында тұрған мемлекет ретінде біз мықты болуымыз керек. Ол үшін рухани байлығымыз, оның ішінде ұлтжандылығымыз өзгеше жоғары сапалық деңгейде болуы керек деген ой жүретін. Сакральды орындар дегенге келсек, Алтай мен Атырауды, шығыс пен батысты жалғап жатқан аралықта қаншама тарихи жерлер бар. Нәубет жылдары ретінде тарихта қалатын Қарағандыдағы Қарлағ лагерьі аумағы. Тек монографиялармен, халықаралық конференциялар ұйымдастырумен шектелмей, мұрағаттық құжаттар, ғылыми мақалалар негізінде елге кеңірек насихаттауды азаматтық парызымыз санадым. Осы бағытта қанша кітап шығардық, тек менің жазғаным емес, басқа авторларды да енгіздік. Егер біздің идеологиямызға сәйкес, алға қойған мақсаттарымыз төңірегінде жазатын болса, орыс болсын, украин не америкалық ғалым болсын, қолдадық. Сидковский Виктордың Қарағандыда болған қылқалам шеберлері туралы кітабы, Санкт-Петербурдағы Юрий Поповтың шығармалары, Новосібірдегі Наталья Аблажейдің, жезқазғандық Тұрғынбек Аланиязовтың, қарағандылық Екатерина Кузнецованың және тағы басқалардың шығармаларын «Қарлағ. Тарихтан тағылым» деген жобаға енгіздім. Мұны айтып отырғаным, «Мамочкино кладбище» қабірі – Қарлағ аумағында, оның ішінде Долинкада болған. Ол жерде үлкен мұражай бар, одан 2-3 шақырым жердегі «Мамочкино моласын» қалайда сакральды орынға айналдыру керек, ол – тоталитаризм жүйесінің бет-бейнесін көрсететін жер. Еш жазығы жоқ сәбилерді қыста бөшкеде ұстап, жазда көміп тастаған. Мен осы жерді, «міне, нәубеттің куәсі» деп көрсететін жерге айналдырсақ деген ойдымын. Ол жерге адамдар барып, тағылым алатындай болу үшін оны қоршайық, сакральды мемориалдық кешен жасайық, сол зұлмат заманда балалар естімеген бесік жыры әр тілде ойнап тұрсын, сонда мұның келешек үшін тәрбиелік мәні де зор деп Үкіметке үндеу тастадым. Берлинде Холокост, Заксенхаусен лагерьлерін барып көрдім.

– Ол кешеннің өзге елдердегіден ерекшелігі қандай болмақ? Сондай-ақ құнды құжаттардың сақталуы турасында қандай пікірлесіңіз?

– Менің бір қуанатыным, басқа посткеңестік мемлекеттерге қарағанда, біз осы жағына ден қойып жатырмыз, екі мемориалдық кешен бар, ауылдарда да аштық, репрессия құрбандарына ескерткіштер қойылып жатыр. Бұл да – соның жалғасы. Ол ішкі философиясы бар кешен болар еді. Алматы қаласында кейбір қоршауларды алып тастап жатқаны туралы естіп, әкіміне «соны Қарағанды қорымын вандалдардан қорғау үшін пайдаланар едік» деген өтінішпен хат жолдадым.



ШЫНДЫҚ АРҚЫЛЫ ТАЗАРАМЫЗ

» Ұлттық рух халықтың өзін-өзі тануымен айқындалады. Келешек ұрпақ тарихты біліп қана қоймай, ақиқатын танып, зұлмат жылдардың қасіретін сезініп, кеудесінде Алаш азаматтарының рухына құрмет сезімі қалыптасуы қажет. Бұл орайда Парламент Мәжілісінің депутаты, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, заң ғылымдарының докторы Нұрлан Дулатбековтің қасиетті орындарды қастерлеу, Алаш идеясына адалдық таныту туралы ой-пікірінің мәні зор.

терге қарағанда, біз осы жағына ден қойып жатырмыз, екі мемориалдық кешен бар, ауылдарда да аштық, репрессия құрбандарына ескерткіштер қойылып жатыр. Бұл да – соның жалғасы. Ол ішкі философиясы бар кешен болар еді. Алматы қаласында кейбір қоршауларды алып тастап жатқаны туралы естіп, әкіміне «соны Қарағанды қорымын вандалдардан қорғау үшін пайдаланар едік» деген өтінішпен хат жолдадым.

Ал құжаттардың сақталуы туралы сұрағыңызға келсек, біздің бүкіл мұрағаттық құжаттардың барлығы прокуратурада не ІІМ сақталған, бұл тарих қой, сондықтан мұрағатта сақталуы керек. Ол жерде қорқатын ештеңе жоқ. Ең алдымен ақиқат деген үлкен ұғымнан алшақтамауымыз керек. Осы шындық арқылы келешек ұрпақ алдында өзін-өзі тазартуға (самоочищение) қол жеткіземіз. Германияда Холокостқа байланысты үлкен мемориалдық кешен салды, олар одан ұтылған жоқ. Бұл неміс халқы Гитлердің жасаған әре-

кетін әлем алдында мойындап, тарих алдында ашық айтып тұр. Неміс ғалымдары арасында біздің Қарлағтан шыққан газет, кітаптарды зерттейтіндері бар, бірі аштық жылдары туралы зерттеген.

– Нұрлан Орынбасарұлы, Алаш идеясын зерттеушісіз. Сойқан саясаттың оғына байланып кете барған 5 мың жазықсыз құрбан туралы жазған мақалаңызда: «Шіркін-ай деп ойлайсың, ел басына күн туған, сұрапыл соғыс иектеп тұрған сындарлы кезеңде қаншама тамаша тұлғалардан, адам әлеуетінен айырылып қалғанбыз...» деп жазыпсыз. Ендігі мәселе – Алаш қайраткерлерін жоқтадық, насихаттау, ұлықтау кезеңінен өтіп, нақты іспен, солардың ізін жалғаумен айналысатын уақыт жеткен жоқ па, қалай ойлайсыз? Сіз бұл кезеңге өтуде не ұсынар едіңіз?

– Алаш идеясын зерттеу педагог және заңгер тәрбиелеу кезінде көп пайдаға асты. Алаштың күллі зиялыларының дені заң факультетін бітірген

екең. Олардың не оқығаны мені қызықтырды. Сол оймен Санкт-Петербурға барып, Алаш қайраткерлері білім алған оқу орнының ректоры Л.А.Вербицкаяға өтінішпен кірдім. Ол мені университет мұрағатына кіргізіп, құжаттармен таныстырды. Кімнен оқыды, неге акцент жасады? Бақыткерей Құлмановтың, Жақып Ақпаевтың, ағайынды Сейдалиндердің, Бақытжан Қаратаев, т.б. студенттік істерімен таныстым. Этнография, тарихты, хореографияны зерттеп, ескі латынша оқығанын қарап отырып, олардың сол кездегі Еуропа өркениетін кеңірек қамтығысы келгенін көрдім. Сол заманда Санкт-Петербур ректоры заң саласының ғалымы болған, Рим құқығы, азаматтық және неке құқығын зерттеген ғалым болған, біздің қайраткерлер де сол кісінің дәрістеріне барып, осы саланы зерттеген. Алаш идеясы деген – ол халыққа қызмет ету идеясы.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Жадыра ШАМУРАТОВА



ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ – МЕМЛЕКЕТ КӨМЕГІ

» Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандары 2003 жылдан бастап әлеуметтік қолдауға ие болып келеді. Осы жылдан бері бүгінге дейін оларға біржолғы ақшалай өтемақы және арнайы мемлекеттік жәрдемақы ретінде 14,9 млрд теңге төленген. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.


Аталған министрліктің мәліметі бойынша, жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарының және саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылардың саны биыл 1 мамырға 33 984 адамды құрады.

Деректерге сүйенсек, 1921-1954 жылдар аралығында Қазақстанда 100 мың адам сотталып, 25 мың адамға жоғары жазалау шарасы – ату жазасы қолданылды. «Халық жауын» анықтау саясатының нәтижесінде көптеген адамдар зардап шекті. Республика аумағында ГУЛАГ – АЛЖИР, Степлаг, Қарлағ құрылымдарының ең ірі лагерьлері болды. Қуғын-сүргін жылдары Қазақстан лагерьлеріне 5 млн-нан астам адам жіберілді. 1930-1940 жылдары Қазақстан миллиондаған кеңес азаматтары үшін жер аудартын аймақ болды. Олардың саны 1 млн 200 мың адам деп бағалануда.

«Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңына сәйкес, негізсіз қуғын-сүргінге ұшыраған және заңға сәйкес ақталған адамдарға көрсетілген жерлерде болуының әр айы үшін, әлеуметтік қорғау органдарына жүгінген кезде қолданылатын айлық есептік көрсеткіштің төрттен үш бөлігі, бірақ 100 АЕК-тен аспайтын мөлшерде ақшалай өтемақы төленеді. Сонымен қатар, саяси қуғын-сүргін құрбандарына, сондай-ақ саяси қуғын-сүргінге ұшыраған, мүгедектігі бар немесе зейнеткерлер болып табылатын адамдарға әлеуметтік төлемдердің басқа түрлеріне қарамастан, 1,07 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді ол 2020 жылғы 1 сәуірден бастап 2973 теңге болды. Ал 2005 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі кезеңде АМЖ 12 млрд теңге сомасында төленді.

Сонымен қатар, ақталған азаматтар, саяси қуғын-сүргін құрбаны деп танылған, мүгедектігі бар немесе зейнетке шыққан адамдардың біршама құқықтық артықшылықтарға ие.

Жергілікті атқарушы органдар жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша саяси қуғын-сүргінге ұшыраған және заңнамаға сәйкес ақталған адамдарға материалдық және басқа да көмек түрлерін көрсету жөніндегі шараларды жергілікті бюджеттер есебінен қосымша белгілей алады. Мәселен, жыл сайын Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай жергілікті атқарушы органдар саяси қуғын-сүргін құрбандары мен зардап шеккендерге біржолғы материалдық көмек береді. Биыл жергілікті бюджет қаражаты есебінен 7 090 азаматқа 2 АЕК-тен 150 мың теңгеге дейін 159 млн теңге көлемінде біржолғы материалдық көмек көрсетілді.



» 31 мамыр – Қазақстанда көшегі қуғын-сүргін мен қолдан жасалған ашаршылық құрбандарын еске алу, аза тұту күні. Өткен ғасырда қазақты баудай қырған геноцид болмаса, қазақ бүгінде 30-40 миллионға жететін еді деп жазып жүр сарапшылар. Рас та шығар.

Есіме осыдан 26 жыл бұрынғы оқиға түсіп отыр. 1994 жылдың күз айы, қазан туса да Алматының күні тамылжып тұрған. Алматы темір жолының «Түркісіб тынысы» деген газетінде белгілі ақын Темірше Сарыбаевпен бірге жұмыс істейтінбіз. Бір күні қаланың сырт жағындағы Калининнен қатынайтын Темірше аға жұмысқа Жүсіпбек Аймауытовтың баласын ертіп келді. Қасында көршісі Нарбек деген жігіт және бар. «Виктор Аймауытов» деп таныстырған бөкене келген сарғыш өңді, қазақтан гөрі татарға көбірек ұқсайтын жұпны киімді қарияны алаш арысының ұлы дегенде таңғалдық. Көктен түскен-

дей. Тәуелсіздіктен кейін жаппай алаш арыстарын тану, ұрпақтарын іздестіру, ақтау жүріп жатқан. «Қайдасың, Виктор Аймауытов?» деген Гафу Қайырбековтің мақаласы жарық көрген сол жылдары бір газетте. Мынау сол жоғалып кеткен Виктор Аймауытов екен. Темірше ағаның көршісі Нарбек деген домбыра жасайтын шебер әйелі екеуі сол жылдары сауда-саттықпен Ресейдің Кемерово қаласына барып жүрген ғой. Бір күні көшеде оған бір кісі жақындап жөн сұрасыпты. «Өзбексің бе?» деп сұрайды. Қазақ екенін естіген соң өз жайынан хабар беріп, осындай да осындай, Жүсіпбек

АЛМАТЫҒА АЙМАУЫТОВ КЕЛГЕНДЕ...

Аймауытовтың ұлымын демей ме, Нарбек сенімсіздік танытқан екен, үйіне шақырып құжатын көрсетіп сендіріпті. Айран-асыр болған жігіт әйелі екеуі қартқа елге жүріңіз, ала кетейік деп қолқа салып келген беті екен. Ол кезде ұялы телефон түгіл, жай телефон байланысының өзі қиын-тұғын. Сондықтан ешкімге хабарламай, аяқасты аспаннан түскендей Виктор Аймауытовтың Алматыға келуі нағыз сенсация болған еді.

Қария ұзақ жыл шахтада жұмыс істеген, орыс кемпірі, одан туған ұлы мен қызы бар екен. Елден кеткелі 60 жылдан асқан, бой тасалап сырттап жүрсе де, тыныштық таппай «халық жауының» баласы болып он жылын түрмеде өткізген көрінеді. Ауыр жұмыс пен бейнеттен қажып, еңкіш тартса да қунақ, айналаға мейірімді көздерімен жалтақ-жалтақ қарап отырған жылы жүзді жанға еріксіз жаның ашығандай еді. Устіне кигені шахтерлердің спецовкасы сияқты өңі кеткен костюм, аяғында көнетоз бөткенге. Тілі қазақшадан гөрі татаршаға көбірек келеді екен. Ақсақалға дастарқан таяндадық. Екі өкпесін қолына ұстап жүгіріп Армиял

Тасымбеков келді. Талай жылдан бері қуғын-сүргін құрбандарын зерттеп жүрген журналист жерден жеті қоян тапқандай қуанып, сол жерде Міржақыптың қызы Гүлнар Дулатоваға хабарласып, екі мұңлықты телефонмен сөйлестірді. Бір-біріне «а ты помнишь...» деп жылап отырып әңгімелескендеріне куә болдық. Бала кезде екеуі бірге ойнап өскен екен.

Сол күні Темірше Сарыбаев пен Армиял Тасымбеков қарияны ертіп Жазушылар одағына, радио мен телевидение апарып таныстырды. Әркім әртүрлі қабылдаған. Кейбіреулер қартты мұжықсынып, мысқылдай қарап, «мынау ма Аймауытовтың баласы» дегендерін ашық танытқан, ал Жазушылар одағының басшысы Қалдарбек Найманбаев, екінші хатшысы Ғаббас Қабашев сынды ағаларымыз, керісінше, жылы қабылдап, құрмет көрсеткен, сол кездегі «Қазақстан-1» директоры Әшірбек Көпішев қартты құшақтап бауырына басқанда, ондай мейірім көрмеген қария толқып жылап жіберген екен. Сол күні радио Алматыға Виктор Аймауытовтың келгені жайлы хабар таратып, қонақтарды Гүлнар апай үйіне шақырып, оны да

телевизордан көрсетіп жатты. Ақтөбеде тұратын қарындасы Музамен сөйлескенде қарт еңкілдеп жылапты.

Ертесі Жазушылар одағында, Ғылым академиясында кездесу өтті. Серік Қирабаев «Аймауытовтың баласына мінгізген атымыз болсын» деп қалың конверт табыстапты. Сол кісі ме, басқа біреуі ме, қартты дұрыстап киіндіріп алуға кеңес беріпті. Ертесі көргенімізде қария ине-жіптен жаңа шыққандай су жаңа костюм, аяғына жылытыраған туфли киіп алған еді.

Алматыда бірнеше күн болған соң қария ата-бабасының туған жері Баянауылға жол тартты. Қасында Армиял Тасымбеков болды. «Алматы 1» вокзалынан Павлодар пойызына шығарып салдық. Мен қартқа сол жылдары шыққан әкесінің «Ақбілегін» сыйладым. Кітапты сипап, ашып көріп көзі жасаураған қария рақметін айтып сөмкесіне салып алды. Шалдың қоржыны тоқ көрінді. Шақырған жердің бәрі Аймауытовтың ұлына шапан жауып, тағы басқа да сый-сияпаттарын тапсырып, сәлемдемесі көбейген соң қасындағылар үлкен сөмке сатып алып, барлық заттарын салып беріпті.

Виктор Аймауытовтың одан кейінгі тағдырынан

бейхабармын. Армиял Тасымбековтен естігеніміз, Баянауыл халқы Аймауытовтың ұлын тайлы-таяғы қалмай тік тұрып күтіп алып, үлкен құрмет көрсетіпті. Облыс әкімі үй берді деген сияқты. Бірақ елде аз-күн аунап-қунап қонақ болған соң Кемеровосына қайтып кеткен қария елге жуық арада келе қоймаған сияқты. Тек кемпірі өлген соң қараусыз қалып, арып-ашып елге жеткені жайлы бір жерден оқығаным бар. Өмірінің соңғы жылдарын Алматыда, қарттар үйінде ме, ардагерлер үйінде ме, өткізген сыңайлы.

Тағы бір жылдары баспасөзден Павлодарға келіп әкесіне берген үйді даулап жүрген қызы туралы да оқып едім. Бұл баяғы қарттың орыс кемпірінен туған қыз болса керек. Ал ұлы ше? Ол қайда? Оның да аты Виктор деген, демек тағы бір Виктор Аймауытов жүр ғой бір жерде, өзінің қазақтың бір арысының немересі екенін білетін шығар, білсе ата жұртына бір ат басын бұрмас па? Гафу ағамыз айтпақшы, «Қайдасың, Виктор Аймауытов?»...

Меруерт ЕСЕНБЕК, КР Журналистер одағының мүшесі



Қазақ байлары. 1928 ж. 696 бай қожалықтары тәркіленген



Мал санағын жүргізу кезінде. Қазақстан, 1920-1930 жылдар

1928 жылы Қазақстанда барлық кеңес шаруашылықтарының 2 пайызы ұжымдастырылды, ал 1931 жылдың күзінде республикада шаруашылықтың 70-тен 199 пайызға дейінгі біріктірілген 78 аудан (122-ден) есепке алынды.

Мал шаруашылығын біріктіру шаралары астықты аудандардан да асып түсті. 1932 жылы ақпанда Қазақстанда колхоз шаруашылығының 87 пайызы, жекеменшіктің 51,8 пайызы малдарынан толық айырылды.

Мал шаруашылығы орасан зор зардап шекті. Республикада

1928 жылы 6509 мың ірі қара болса, 1932 жылы 945 мыңы қалған. Тіпті 1941 жылы соғыс қарсаңында ұжымдастыруға дейінгі мал санының орны толмаған (3335 мың мал басы). Ұсақ мал басына қатысты сандар ақылға сыйымсыз: 18566 мың қой басынан 1932 жылы 1386 мыңы қалған (соғыс қарсаңында отарлар саны 8 млн шамасында). 1928 жылы 3516 мың жылқы тіркелсе, олардың 3200-і қырылған (1941 жылы мал басы – 885 мың). Түйе шаруашылығы күйзеліске ұшырады: егер 1928 жылы қазақдаласында 1042 мың бас түйе болса,

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ТЕҢ ЖАРТЫСЫН ЖАЛМАҒАН...

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1931-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ДЕРЕКТЕРІ

» Қазақстанда астық өнімін дайындау науқаны барысында шаруаларға қарсы ауқымды түрде қуғын-сүргін жүргізілді: бұл кезеңде әкімшілік-қылмыстық жауапкершілікке 56498 ауыл тұрғыны тартылды, оның 34121-і сотталды. БК (б) П Қазақ өлкелік комитеті бюросының 1930 жылғы қаңтардың басындағы жабық мәжілісінде Голощекин 1928 жылдың 1 қазанынан 1929 жылдың 1 желтоқсанына дейін астық өнімін дайындау барысында сот жүйесі тарапынан 125 адам ату жазасына кесілгенін, ал ГПУ тарапынан дәл осы кезеңде 152-сі атылғанын хабарлады.



Байлардың малын тәркілеу. Қазақстан, 1920-1930 жылдар

1935 жылы 63 мыңы қалған.

...696 шаруашылық тәркілеуге ұшырады, 619 бай отбасымен жер аударылды. Олардан 145 мың бас мал (іріге шаққанда) тартып алынды. 114 мың бас мал колхоздарға қайта таратылып берілді (29 мың бас мал немесе 74 пайыз). Малдан басқа 633 киіз үй, 475 үй, 44 қойма, 534 басқа да шағын құрылыс, 108 соқа, 113 тырма, 248 пішен

шабатын машина, 1367 терте және т. б. тартып алынды.

1929-1933 жылдары, яғни 5 жыл ішінде ҚазАКСР-дегі ОГПУ толық емес мәліметі бойынша 9805 іс қаралған және 22933 тұлғаға байланысты шешім шығарылған, олардың ішінде: ең жоғары жаза – ату жазасына 3386 адам кесілген, үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге 13151 адам концлагерьлерге



жіберілген. «Үштіктің» шешімі өлкелік және облыстық партия комитеттерімен бекітілген.

1929-1931 жылдары Қазақстанда 80 мың адамды қамтыған 372 көтеріліс болған. Оның негізгі ошақтары Созақ, Шемонаиха, Бұқтырма, Ырғыз, Қазалы, Қармақшы, Самара, Абралы, Биен-Ақсу, Шыңғыстау,

Маңғыстау және тағы басқа аудандар болды. Республикада орын алған қозғалыстар жаппай қоныс аударуы үдерісімен қатар жүрді. Тек 1930 жылдың басынан 1931 жылдың ортасына дейін Қазақстан аумағынан 281231 шаруа қожалықтары қоныс аударды, едәуір бөлігі Қытай, Иран және Ауғанстанға бет алды. Ашаршылық жылдары республика аумағынан барлығы 1130 мың адам қоныс аударды, олардың 676 мыңы барған жерлерінде тұрақтап қалды, ал 454 мыңы елге қайта оралған. Тұрақты әскер мен ОГПУ органдарының күшімен бүлікші тұрғындарға қарсы қатаң жазалаушы отрядтар ұйымдастырылды. 1929-1931 жылдары ірі көтерілістер мен толқуларға қатысқаны үшін ОГПУ органдары 5551 іс қозғап, олардың 883-і ату жазасына кесілді.

Тарихшылар мен демографтар жүргізген бастапқы талдау қазақ халқының өте ауыр шығынға ұшырағанын көрсетеді. Аштық және онымен байланысты індеттен және де табиғи өлім салдарынан халық 2 млн 200 мың адам, яғни өзінің бүкіл құрамының шамамен 49 пайызын жоғалтқан.

Дайындаған Ғазиза ИСАХАН, Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архиві ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

ҚЫТАЙ АСҚАН «ҚАШҚЫНДАР»

» Қазақ даласында дүркін-дүркін болған нәубеттің кесірінен туған жерінен жыла көшіп, шетел асып жан сауғалап кеткен қазақ аз емес. Мұның басы патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы шығудан басталып, оның соңы Қазан төңкерісіндегі аласапыранға, 30-жылдардың басындағы ашаршылыққа, 37, 38-жылдардағы саяси қуғын-сүргінге ұласты. Әсіресе, қызыл өкіметтің хат танитын сауатты адамдарға жасаған теперіші қазақ жерінің біраз зиялысын шекара асуға мәжбүр етті. «Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар» дегендей, «балапан басына, тұрымтай тұсына тартқан» осы бір алмағайып заманда Қытай жеріндегі қазақтардың арасына барып бас сауғалаған қазақтардың арасында артына өшпес із қалдырған айтулы тұлғалар да көп.



Зият Шәкәрімұлы



Әсет Найманбайұлы

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Кіндік қаны Қазақстанға төгіліп, Қытай жерінен топырақ бұйырған тұлғалар десе, есімізге алдымен Әсет Найманбайұлы мен Зият Шәкәрімұлы түседі.

Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында кіндік қаны тамған Әсет Найманбайұлы – қазақтың суырыпсалма ақыны, әнші-композиторы. Айтулы айтыстары мен әсем әндерімен «ақын Әсет», «әнші Әсет» атанған Әсет Біржан сал Қожағұлұлы мен Ақан сері Қорамсаұлының өнер дәстүрін жалғастырып, әрі қарай дамытты. Сонымен бірге Арқа әуендерінің Жетісуда, Тарбағатайда және Алтайда кеңінен таралуына мұрындық болды.

1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде жазалаушы отрядтардан қашқан елмен бірге Қытайға өткен Әсет 1923 жылы Құлжа ауданының Көкқамыр деген жерінде қайтыс болды. Ел арасында «Әсет Қытайға алашшылардың тапсырмасымен барған» деген сөз де бар. Бірақ оған нақты дәлел жоқ. Кеңес дәуірінде Әсет Найманбайұлының өлеңін алғаш С.Сейфуллин (1925) бастырған. 1936 жылы Б.Ысқақовтың ақын өмірі мен шығармашылығы туралы арнайы мақаласы жарияланса, Әсет Найманбайұлы шығармаларының тұңғыш жинағы 1968 жылы Б.Адамбаевтың құрастыруымен баспадан шықты. Бұл жинаққа ақынның 34



Дәнеш Рақыш

өлеңі (әнін қоса), 4 айтысы, 4 дастан-қиссасы еңсе, 1988 жылы Бексұлтан Нұржеев құрастырған «Әсет» атты жинақта 29 ән мәтіні, 71 өлеңі, 10 айтыс-қағысы, 8 қисса-дастаны басылды. Шәкәрім қажы «халық жауы» деп атылғаннан кейін, кенжесі Зият та қызыл өкіметтің түртпегіне ұшырады. Бас сауғаламаса, өзін де айналдырған жаудың алмай қоймайтынын сезген ол бір түйеге азық-түлікпен әкесінің қолжазбаларын артып, қасына Бердеш Тәкежанов, Мәнкеш, Әзімбай (Бердештің інісі), Қожакан, Төлеуғазыны ертіп 1931 жылы қазан түзепті. Жолшыбай бұларға Шұбартаудан қашып келе жатқан Шақантай батырдың ұрпақтары Жабағтай,

Кенжебек қосылып, мөлшермен екі жүзден артық адам Бақты шекарасынан Қытайдың Тарбағатай аймағына өтеді. 1933 жылы Алтайда Шәріпхан Көгедәев басқарған жаңа өкімет орнады. Демократшыл бағыт ұстанған Шәріпхан өкіметі барлық мүмкіндіктерді пайдаланып, тарихи маңыз алатын шаралардың бірі – сауатсыздық жайлаған Алтай қазақтары арасында мектеп ашып, жаңаша оқыту жүйесін жолға қояды әрі Сарсұмбеден қысқа мерзімді оқытушы дайындау курсына ашады. Курстың алғашқы қарарында оқыған сексенге тарта курсант кейін түгелге жуық мәдениет-ағарту шебіне қызмет істеді. Аудандарға, ауылдарға барып мектеп ашты.

Міне, осы мұғалімдерді дайындағандардың бірі Зият Шәкәрімұлы еді. 1936 жылы Зият Үрімшідегі «Өлкелік қазақ-қырғыз ұйымына» қызметке шақырылып, 2 жылдан кейін жергілікті Қытай билігі қолға алып, көзін жойды. Зияттың қайын атасы Сейітқазы да Қазақстанның тумасы. Зиятты Үрімшіге апарған да сол Сейітқазы мұғалім болатын. Атығай руынан шыққан Сейітқазы Нұртаев 1880 жылы Көкшетауда дүниеге келген. Тройцкіде «Расулия» деп аталатын жеті жылдық мұғалімдер дайындайтын мектептен оқыған ол араб, түркі, орыс және қазақ тілдерінен хабары бар, ашық ойлы, ұстамды, аса өнегелі адам болған. Қазақстандағы кезінде патша

өкіметіне қарсы төңкерістік қимылдарға қатысып, қудаланып, Шыңғыстаудағы Құнанбай ауылдарына барып, сол арада бірнеше жыл мұғалімдік істеген. Мәми бейсі (билік атауы) Алтайдан «абақия» мектебін ашқанда, Семейден Сейітқазыны арнайы шақыртқан. Сонымен, 1909 жылы Бітеуіргедегі «абақия» мектебіне мұғалімдікке келген Сейітқазы 1933 жылға дейін Мәми ауылында мұғалім болыпты. 1933 жылы Шәріпханның жарлығымен қазылыққа (төреші) тағайындалды. 1935 жылы «Өлкелік қазақ-қырғыз ұйымына» (Үрімшіге) шақырылып, сонда қызмет істеп жүргенде Шың Шысай өкіметі жағынан қолға алынып, отбасы Ілеге жер аударылады. Алтай көтерілісшілерінің саяси тұтқындарды босату жөніндегі қатаң талабына сай 1942 жылы түрмеден шыққан ол Бітеуіргедегі Мәми бейсі ауылына қайта оралады. 1944 жылы Алтайдан ауған елмен бірге Шыңғысқа барып, 1945 жылы аурудан қайтыс болады.

Әрине, қуғын-сүргінге ұшырап Қытай асқан қазақтардың кейбіріне Қытайдан топырақ бұйырса, ал кейбіріне туған жері – Қазақстанға қайта оралу ретінде алты алашқа аты озған әнші Дәнеш Рақыш пен Қытай қазақтарының әліпбиіне елеулі үлес қосқан Әнуар Көкеевті атауға болады.

Әнуар Көкеев 1912 жылы Семей (қазіргі Шығыс Қазақстан) облысы Ақсуат ауданындағы Қарақойтас қыстағында дүниеге келген. Семей қаласында ескіше және орысша оқып білімін толықтырған ол туған ауылына келіп, ауылдық кеңеске хатшы болып еңбек жолын бастайды. Билік басына Ф.Голощекин келгеннен кейін «кіші революция жасаймын» деп қазақ зиялыларын шетінен ұстап, жер аудартып, түрмеге қамап, өлтіре бастайды. Әнуардың үлкен әкелері Тоқтар мен Нұрмұхаммедті «бірің би болдың, бірің дін жолын ұстадың» деп Сібірге айдатса, әкесі көкейді «Ақсуатта старшина болдың» деп малын тәркілеп, «халық жауы» ретінде соттап, өлім жазасына кеседі. Ендігі кезек өздеріне келгенін сезген Әнуар немере ағасы Ғазизбен бірге Қытайға өтіп кетеді.

Әнуар Қытайға өткен соң бала оқытып, ұстаз етті. Кейін Үрімшіде Кеңес-Қытай сауда ұйымына жұмысқа тұрады. Осы арада Зият Шәкәрімұлымен бірлесіп қазақ мәдениетіне қатысты біраз жұмыс істейді. Алайда 1938 жылы Қытайлар оның ағасы Ғазиз бен Зиятты түрмеге жауып, көзін құртқан соң Әнуарды жұмыстан шығарып тастайды.

Жұмыстан шыққан ол қазақ-моңғол мектебіне оқуға түсіп, 1940 жылы бітіріп шығады да, Үрімшідегі «қыздар орта мектебіне» директор болып жұмысқа орналасады. 1946 жылы өлкелік оқулықтар мен журналдарды редакциялау мен тексеру алқасының мүшелігіне тағайындалады. 1950 жылы «Шыңжаң әдебиет-искусствосы» журналының алқа мүшесі болады. 1954 жылы Шыңжаң халық баспасының оқулықтар редакциясы бөлімінің орынбасарлығына тағайындалады. Баспада істеп жүргенде сол кездегі қолданып жүрген әліпбиінің кейбір әріптерінің ыңғайсыз екенін байқап, оқулықтағы оқыту әдісі туралы біраз мақалалар жазды. Кейін осылардың бәрін қорытындылап, 1954 жылы «қазақ тілі емлесін дұрыс қолдану ережелері» деген еңбегін жазды. Осы ереже Қытай қазақтары оқыту ісінің іргетасына айналды.

Әнуар Көкеев 1955 жылы Кеңес Одағына қайтуға мүмкіндік алады. Алайда Мәскеу оны бірден Қазақстанға әкелмей, туған-туыстарымен бірге Қырғызстанның Қант ауданындағы Тоғызбұлақ ауылына апарып тастайды. Бұл ауылдан да өзі бас болып қазақ сыныбын ашқызған ол біршама жыл сонда ұстаздық етіп, Мәскеудің белгілеген уақыты толғанда, Аягөзге көшіп келеді.

Әнуардың немере ағасы Ғазиз Нұрмұхаммедұлы да Қытай қазақтарына танымал айтулы тұлғалардың бірі. 1934 жылы «Тяньшань» газетін, 1936 жылы «Шыңжаң» газетін шығарып, аталған газеттердің бас редакторы болған ол 1934 жылы өлкелік қазақ-қырғыз мәдениет қауымдастығының төрағасы болып сайланады. Қауымдастықтың 5 аймақ, 8 ауданындағы бөлімшесін құрып, 275 мектеп ашты. Алайда халқым деп қанжілік болған ерді қытайлар 1938 жылы Зият Шәкәріммен бірге ұстап, түрмеде азаптап өлтіреді.

Әнші, композитор, Қазақстанның халық әртісі Дәнеш Рақыш 1926 жылы Алматы облысында дүниеге келген. Төрт жасында кеңес өкіметінің зобалаңынан қашқан әке-шешесімен бірге Қытай асады. Таланты тас жарған ол он жасынан бастап сырнаймен ән салып, әнші бала ретінде танылады да, есейе келе Құлжадағы қазақ-ұйғыр драма театрында жұмыс істейді. 1959 жылы Қытайдан атажұртқа ауған елмен бірге туған жеріне оралады.

Әрине, бұлардан басқа да Қытай асып, ол жақтағы қандастардың өнер, білім саласына өшпес із қалдырған тұлғалар аз емес.

«СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫНА» СЕНІМ АРТЫҢЫЗ



» Ішкі саясат басқармасы қолдауымен елордада «Рухани қоғам әлемі» қоғамдық қорының аясында психологиялық және құқықтық кеңес беру үшін «сенім телефоны» жұмыс жасап тұр. Әлемді кеулеп тұрған індеттен сақтану шаралары аясында қаламызда карантин жарияланған күннен бастап іске қосылған «сенім телефоны» елордалықтар үшін зор демеу болды. «Рухани қоғам әлемі» қоғамдық қоры төрайымы, психолог, сарапшы Лимана Қойшиева «сенім телефонының» жұмысы туралы қысқаша айтып беріп еді.

игере алмайтындығын айтып жатты. Яғни бұл – ата-ана мен бала арасындағы байланыстың белгілі бір қалыптың шегінен шыққандығы. Себебі бұған дейін оқыту тек мектеп пен мұғалімнің ісі деп ойлағандар үшін үйде оқу соққы болып тиді. Бұрын-соңды репетитормен сабақ орындап үйренген балалар үшін де оңай емес. Бірақ бала үйреніп кетеді. Мұғалімдер жағы ата-аналарға жаңа әдісті түсіндіру, тәртіпке көндіру қиын болып жатқандығы туралы жазып, көмек сұрауда.

Үйде ойын балаларын қалай ұстап отырамыз деп әлек болған ата-аналарға түрлі кеңестер көп. Бұл – шешілетін мәселе. Жасөспірімдерді тәртіпке бағындыру жағы қиындық тудыруда. «Достармен кездесемін» деп көнбейді десе, 18 жасар қыз «жігітіммен кездесуге жібермедің» деп өз-өзіне қол жұмсауға барған екен. Осыған ұқсас суицидке барамын деп ата-анасын қорқытқан 2 жағдай тіркелді.

Соңғы 2-3 күннен бері құқықтық көмек сұрап хабарласушылар саны артты. Басым бөлігі 42500 теңге әлеуметтік көмекті қалай алу керектігін сұраса, электронды құжат рәсімдеуге байланысты көмек сұрап жатқандар да бар.

Осы соңғы апта 10 жастан бастап 16 жас аралығындағы балалар хабарласып, ата-анасымен түсініспеушілік орын алып жатқаны туралы айтуда. Олардың ата-анасымен сөйлесіп, жағдайды ушықтырмай, кеңес беріп жатырмыз. Бәрі реттеледі деп ойлаймын.

– Қазіргі төтенше жағдай барлығына оңай тимеді. Дегенмен

біз өзімізді, жақындарымызды қорғауға толық мүмкіндігіміз бар. Ол үшін маман кеңесіне құлақ түріп, тәртіпті қатаң сақтаған дұрыс. Тірлігіміз күйді екен деп ойламаңыз. Бастысы, деңізіз сау болса, әлі де алар асуың алда. Маман ретінде тағы айтар кеңесім – қашықтан жұмыс істеп жатқан ата-анаға жұмыс пен бала арасындағы үйлесімді ұстау жайлы.

Қазір баласын ауылға немесе ата-әжесіне жіберіп, қашықтан жұмыс істеп жатқан ата-аналар бар. Жұмыс пен бала арасындағы балансты ұстау үшін цифрлы технологияны пайдаланыңыз. Осы ретте әке-шешесі баласына үнемі махаббатың, сезімін білдіруі керек. Менің ойымша, мүмкіндігі болған кезде видео, аудио хабарлама жазуға тырысыңыз. Балаңыздың ойында «ата-анам мені ұмытты» деуге титтей де күмән болмасын. Қоңырау шалғаныңызда, хабарлама жазғаныңызда «мен сендерді бір сәт те ұмытқан жоқпын, тәртіпті болыңдар» деп айтуды естен шығармаңыз. Ұсақ-түйек нәрсені сұрап, баланы әңгімеге тартудың өзі оған жеткілікті. «Тісінді тазаладың ба?», «Ұйқыға жатуға дайындалып жатырсың ба?» деп айтудың өзі баланың көңілін аулауға септігі тиеді. Ал баланс қай кезде үзіледі? Балаңыздың не істеп жүргенінен бейхабар болғаныңызда бала шет қалғандай күй кешеді. Сондықтан осы уақыт аралығында араны суытпау үшін қамданыңыз. Аз күндерде жаман аурудың беті қайтып, балаларыңызбен табысатыныңызға сенімді болыңыз. Түптеп айтқанда, кеңес керек болса, 8-771-888-17-71 нөмірін теріңіз.



АСХАНА ЖАЙЫ АЛАҢДАТАДЫ

» Сабақ кеше ғана аяқталса да, жаңа оқу жылына әзірлік басталарып та кетті. Елорда мектептеріндегі кей асханалардың жайы мен оқушылардың сапалы тамақтану барысы туралы брифингте кеңінен сөз болды. Бұған дейін де бірнеше рет көтерілген мәселеге жанашырлық керек. Өйткені жыл сайын мемлекеттік сатып алудан өткен кәсіпкерлердің жұмысы әлі де көңіл көншітпейді.

Оқушыларға берілетін тамақтың сапасыз болуы, құнарлы болмауы тек ата-аналарды ғана емес, әкімдікті де алаңдатып отыр. Осыған орай, өткен аптада мектептегі тамақтану қызметтерін сапалы ұсынатын компанияларды таңдау туралы жаңа бұйрық шығарылды. Бұл туралы цифрландыру және мемлекеттік қызметтер бөлімінің бастығы Ботағоз Қасабек брифингте мәлім етті.

– Бізде мектеп тамағын мемлекеттік сатып алуды автоматтандыру проблемалары туындады – бұрын жеткізушілердің ашық таңдауы болған жоқ. Бірыңғай тәсіл болмады, көптеген критерийлер бар. Жыл сайын сол бір компаниялар өтті, сонымен бірге мектеп оқушылары арасында жұмыс сапасы жақсарған жоқ.

Енді бұл бағытта бірыңғай жұмыс жолға қойылады. Бүгінде әкімдік Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, мектеп тамағын мемлекеттік сатып алуды автоматтандыруға көшірмек. Мемлекеттік сатып алу веб-сай-

тында осы лот бойынша жеке бөлім болады. Бұл жұмыстар бірер аптаның ішінде қалыпқа келетінін айтқан бөлім бастығы қазір көптеген процедуралық жұмыстар жүргізіліп жатыр деді. Сөйтіп оқушыларға сапалы қызмет көрсететін компанияларды көбірек тартуға мүмкіндік болады.

Сондай-ақ жақында «Астана – адалдық алаңы» жобасының аясында өткен жиында елорда әкімі Алтай Көлгінов «Мектептегі тамақ үшін қолма-қол ақшасыз төлем» жобасы енгізілгенін жариялады. Мұнда ата-аналар алдын ала онлайн режимінде мектептегі балаларының тамақтануын бақылай алады. Осы жобада қала басшысы мектеп тамағын мемлекеттік сатып алу процесін автоматтандыру жоспарланғанын, өйткені қазір рәсім қағаз жүзінде жүргізіліп жатқанын атап өтті. Бұл өзгерістер мемлекеттік сатып алулардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айтарлықтай жоюының баса айтты.

Дайындаған Гүлжан АБАЙҚЫЗЫ

КАРАНТИН КЕДЕРГІ БОЛМАДЫ

» Қазақстан ажырасу деңгейі бойынша әлемде 10-орында тұр. 2019 жылы елімізде 917 мыңға жуық жұп некеге тұрса, жыл аяғына дейін ажырасу деңгейі 9,2 пайызға жеткен, яғни 45200 жұп ажырасқан. Ал 2020 жылдың қаңтар-ақпан айларында 15 мың неке тіркелген.

Некесін бұзуға ниет еткендерді карантин кезі де тоқтата алмапты. Карантиннің екі айында онлайн ажырасуға 311 өтініш келіп түскен. Мамандардың айтуынша, карантин кезінде ерлі-зайыптының бәрі бірдей онлайн ажыраса алмайды. Некені бұзуға тек балалары мен ортақ мал-мүлкі жоқ жұптар ғана өтініш бере алады екен. «Соттарда некелескендер мен ажырасқандар статистикасы басқаша болуы мүмкін. Менің меңзеп отырғаным: жоғарыдағы цифр қазіргі жағдайды дәл сипаттай алмайды. Ол тек онлайн өтініштердің саны ғана» деді «Азаматтарға арналған үкімет»

мемлекеттік корпорациясының басқарушы директоры Мұрат Жұманбай. Десек те статистика елімізде некеге тіркелгендердің санынан неке бұзушылардың басым екенін көрсетіп тұр. Оның бірден-бір себебі – баспананың жоқтығы, карантин кезіндегі қаражаттың жетіспеуі және 2 ай үйде отырған ерлі-зайыптылардың ұрыс-керісінің салдары. Ал енді осыған дейінгі дерекке сүйенсек, көбіне тума-туыстардың, бауырларының араласуы жұбайлар ортасына жік салып, ажырасуға себеп болады екен: 61 пайыз – туыстарының араласуы; 41 пайыз – барлығына рұқ-



сат ету; 36 пайыз – отбасылық құндылықтардың дағдарысы; 28 пайыз – эгоизм; 28 пайыз – әлеуметтік желілердің ықпалы.

Ал жұбайлардың ажырасуына себеп болатын материалдық жағдай тек 1 пайызды ғана көрсетіп отыр. Психологтардың бұл

зерттеуімен заңгерлер келісе қоймайды. Өйткені күнделікті тәжірибеден көріп жүргендей, алдарына келген жұптың ажырасуына ең бірінші себеп – тұрмыстың қиындығы, жалақының жоқтығы, жұмыссыздық. Алайда жағымды жаңалық та жоқ емес, карантинге қарамай еліміздегі 1152 жұп отбасын құрған. Ең қызығы, карантин уақытында некеге тұрғандар саны ажырасумен салыстырғанда екі есеп көп. Отбасын құрмақ болған 1152 жұп онлайн өтініш беріпті. Қиын-қыстау заманда одақ құрған дәл осы жастар алғашқы сынақтан өтіп, некелеріне берік болады деген үмітте әлеуметтанушылар. Айта кетейік, Қазақстанның Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары мен Маңғыстау облысында отау көтеріп, отбасын құрған жұбайлар көбейіп келеді. Дегенмен статистика ажырасудың да аз еместігін көрсетеді. Мысалы, өткен жылы елордалық 4554 жұптың шаңырағының шырқы бұзылған.

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №62 (4031) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Кезек нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты	Кезекке қойылған күні	Санат
5676	МАҒЖАНОВА	МАНШУК	АЙДАРАЛИЕВНА	07.09.2012	Толық емес отбасылар
5677	ТАУКЕ	АЙМАН	ЖОЛТАҢҚЫЗЫ	07.09.2012	Толық емес отбасылар
5678	ПЕТРУНИНА	НАТАЛЬЯ	АЛЬБЕРТОВНА	07.09.2012	Толық емес отбасылар
5679	АХМЕТОВА	ДИНАРА	НЫГМЕТОВНА	07.09.2012	Толық емес отбасылар
5680	СУЛЕЙМЕНОВА	САУЛЕ	БАХЫТОВНА	07.09.2012	Толық емес отбасылар
5681	ТОКБАЕВА	АЛИЯ	ЖЕТПЕСБАЕВНА	07.09.2012	Толық емес отбасылар
5682	ИСМАИЛ-АХУНОВА	ШИРИН	САЙДИКРАМОВНА	07.09.2012	Толық емес отбасылар
5683	АУЕЛОВА	АКЛИМА	АБДИЖАМАЛОВА	07.09.2012	Толық емес отбасылар
5684	ПЕТРОВА	ОКСАНА	ГЕОРГИЕВНА	07.09.2012	Толық емес отбасылар
5685	ҚАЛАБАЕВА	ҚАРЛЫҒАШ	МӘЛІКҚЫЗЫ	07.09.2012	Толық емес отбасылар
5686	БИДАЙ	АСЕМГҮЛ		10.09.2012	Толық емес отбасылар
5687	СЫЗДЫКОВА	ОМОН-ГҮЛ	ТУЙМИНОВНА	10.09.2012	Толық емес отбасылар
5688	КЕНЧЕНБАЕВ	ЖАҒЫНБЕК	БАҚТЫГУЛОВИЧ	10.09.2012	Оралмандар
5689	КАРИМОВА	МАРУА	АНУАРБЕКОВНА	10.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5690	МАНАПОВА	РАУШАН	ҚАДЫРОВНА	10.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5691	МОМБЕКОВА	МАРЖАН	ҚАЛДАРБЕКҚЫЗЫ	11.09.2012	Толық емес отбасылар
5692	ХАМАТЯНОВА	АЛЛА	ГЕННАДЬЕВНА	11.09.2012	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
5693	БАЛАШОВА	ДИАНА	МИХАЙЛОВНА	11.09.2012	Толық емес отбасылар
5694	ШЕМЕТ	ТАТЬЯНА	НИКОЛАЕВНА	11.09.2012	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
5695	КЕНЧЕНБАЕВ	ЖАҚЫПБЕК	БАҚТЫГУЛОВИЧ	11.09.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5696	ЖУСУПОВА	МАРА	ШАРИПОВНА	11.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5697	КУДАБАЕВА	АЙГҮЛ	ЕРИКОВНА	11.09.2012	Толық емес отбасылар
5698	НОВГОРОДОВА	ЛЮДМИЛА	АНАТОЛЬЕВНА	12.09.2012	Толық емес отбасылар
5699	МОМЫНКУЛОВА	ЖАННА	БАЙЖОМРТОВНА	12.09.2012	Толық емес отбасылар
5700	ШОЙБЕКОВА	АКНУР	БАХТИЯРОВНА	12.09.2012	Толық емес отбасылар
5701	КУРМАШЕВА	ГҮЛСҰМ	МУСТАФЕВНА	12.09.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5702	ЛЮСЕНБЕКОВА	ЗАУРЕШ	АБИЛЬЕВНА	13.09.2012	Оралмандар
5703	УРАЗАЛИНОВА	АЙГЕРИМ	ТОРАРОВНА	13.09.2012	Толық емес отбасылар
5704	АМИРОВА	ГҮЛШАТ	МАХМУТОВНА	13.09.2012	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
5705	ДРЭМОВА	ЕЛЕНА	АНАТОЛЬЕВНА	13.09.2012	Толық емес отбасылар
5706	ШАЛТЫКОВА	ЕЛЕМЕС	КАБИЛЬДИНОВНА	13.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5707	КУСАИНОВА	МАРАЛ	МУРАТОВНА	14.09.2012	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
5708	ШАШТАВЛЕТОВА	КУАНЫШ	УСЕРБАЕВНА	14.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5709	АБИЛОВА	СВЕТЛАНА	КАБДИЕВНА	14.09.2012	Толық емес отбасылар
5710	КОСАЕВА	НҮРБИ-БИ	ТЫНШБЕКОВНА	14.09.2012	Толық емес отбасылар
5711	ЖУСУПОВА	БАНУ		14.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5712	ЖУХИНА	АЙМАН	КАМЗАБЕКОВНА	14.09.2012	Толық емес отбасылар
5713	АСКАРОВА	ЖАНАР	МИРАМГАЛИЕВНА	14.09.2012	Толық емес отбасылар
5714	КОЗЫКИНА	АЛТЫНАЙ	САПАРОВНА	14.09.2012	Толық емес отбасылар
5715	БЕРДИБЕКОВА	ЖАНАТ	ФАЙЗУЛЛАЕВНА	17.09.2012	Толық емес отбасылар
5716	БЕРДИБЕКОВ	МАРАТ	ФАЙЗУЛЛАЕВИЧ	17.09.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5717	СМАИЛОВА	ГҮЛНАРА	ЕРЖЕПОВНА	17.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5718	МЕНДЫГАЛИЕВА	ЖУМАГҮЛ	ШАЙДУЛЛОВНА	17.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5719	ТОЛБАЕВА	ЖАНАР-КУЛ	ДУНҒАНБАЕВНА	17.09.2012	Толық емес отбасылар
5720	ЖАҒЫНБЕКОВА	ЖУЛДЫЗ	ЖОМАРТОВНА	17.09.2012	Толық емес отбасылар
5721	ЖЕНЕТОВА	АСЕЛЬ	РАМАЗАНОВНА	18.09.2012	Толық емес отбасылар
5722	КЕНЖЕКЕВОВА	ЖАҒЫНБЕК	КУАНДЫКОВНА	18.09.2012	Толық емес отбасылар
5723	БАЙЖАРАСОВА	СЫМБАТ	АШИМКАНОВНА	18.09.2012	Толық емес отбасылар
5724	КАРБЕКОВА	АЙТЫМБЕК	УТКЕЛБЕКОВНА	18.09.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5725	БАЙЖАНОВА	КҮЛКЕН		19.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5726	УТЕПОВ	ТАЛГАТ	АСЫЛБЕКҚЫЗЫ	19.09.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5727	КУСАИНОВА	САУЛЕ	СЕРИКОВНА	19.09.2012	Толық емес отбасылар
5728	ШОРТАМБАЕВА	ЗАЙТУНА	САДИКОВНА	19.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5729	АЛТЫНБЕК	НҮРЖОЛ	ҚАУНЫШҰЛЫ	19.09.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5730	СУГРАЛИН	МУРАТ	МУХАМЕДОВИЧ	19.09.2012	Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар
5731	ЖУМАНОВ	ТАЛГАТ	САТТАРБЕКОВИЧ	20.09.2012	Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар
5732	ТОИМБЕКОВ	РАХЫМБЕРДИ	ТАГАЕВИЧ	20.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5733	ЖАНАБАЕВА	ЖУМАГҮЛ	ЖЕНИСОВНА	21.09.2012	Толық емес отбасылар

5734	НЫҒЫМЕТОВА	АЙГЕРИМ	СЕРИКОВНА	21.09.2012	Толық емес отбасылар
5735	КАРИМБАЕВА	ГҮЛЖАН	ОМУРТАЕВНА	21.09.2012	Толық емес отбасылар
5736	БОЛОТОВА	САПУРА	АЙТЖАНОВНА	21.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5737	ЖАҚСЫБАЕВА	КУЛЯШ	АМРАЛИНОВНА	24.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5738	СУЛЕЙМЕНОВ	МАРДЕН	КАМАЛОВИЧ	24.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5739	ЗУБАЙРАЕВА	ЗУРА	МИНГАЕВНА	24.09.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5740	АЙТПАЕВ	КАЙРАТ	ЕРГАЛИЕВИЧ	24.09.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5741	АБИҚЫЗЫ	АЙНҮР		24.09.2012	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
5742	БАЙТҮРСУНОВА	БАЛЖАН	ТҮЛЕНДИЕВНА	24.09.2012	Толық емес отбасылар
5743	БАЖИКЕНОВА	КУЛЬМАРА	АБАКАЕВНА	24.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5744	МАМАЕВА	КУРАЛАЙ	ШАКЕНОВНА	24.09.2012	Толық емес отбасылар
5745	СЛЯМОВА	НАЗЫМ	МУСАТАЕВНА	24.09.2012	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
5746	НОГАЙ	ЮРИЙ	ВЛАДИМИРОВИЧ	24.09.2012	Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар
5747	ТОЛЕНДИНОВА	БИБИНҮР	ЖУМАХАНОВНА	24.09.2012	Толық емес отбасылар
5748	ДЖАКСАЛЫКОВА	БИБИЖАН	БОРИСОВНА	24.09.2012	Толық емес отбасылар
5749	ИЛЬ	ИДА	ФРИДРИХОВНА	25.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5750	ЯРМАК	НАТАЛЬЯ	ВИТАЛЬЕВНА	25.09.2012	Толық емес отбасылар
5751	МУСИН	МАРАТ	МУКАТАЕВИЧ	25.09.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5752	ИСИНА	САПУРА	ИЗКЕНОВНА	25.09.2012	Толық емес отбасылар
5753	НУРГАЛИЕВ	НУРТАЙ	АМАНЖОЛОВИЧ	25.09.2012	Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар
5754	БАЙГУЖИНА	КУМЫСЖАН	ҚУАТОВНА	25.09.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5755	БАРАМБАЕВА	ТАЙБА	БОЛЫСБЕКОВНА	26.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5756	НҮРЛЫБАЕВ	ЖАНАТ	КЕҢЕСҰЛЫ	26.09.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5757	ШАУКЕНОВ	АППАС	АУЖАНОВИЧ	26.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5758	ШАЙМЕРДЕНОВ	АЛПЫС		26.09.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5759	ИСАКОВ	НҮРЛАНБЕК	ТОЛИБАЕВИЧ	26.09.2012	Оралмандар
5760	АЙТЫМБЕКОВА	ЖУМАГҮЛ	ЖУМАБАЕВНА	26.09.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5761	АЛИМОВА	АЛИЯ	ЖАҒЫНБЕКОВНА	26.09.2012	Толық емес отбасылар
5762	ХАЛХАН	САМАЛ		27.09.2012	Толық емес отбасылар
5763	ШРЕЙДЕР	СВЕТЛАНА	ИВАНОВНА	27.09.2012	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
5764	ПОРЕЧНЕВА	АЙСҰЛУ	САГАМБАЕВНА	27.09.2012	Толық емес отбасылар
5765	АЯПБЕРГЕНОВА	ЖАННА	ОРАЗЫМБЕКОВНА	27.09.2012	Толық емес отбасылар
5766	АЛИМЖАНОВ	ЖОМАРТ	АКЖИГИТОВИЧ	27.09.2012	Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар
5767	ЦОЙ	АНЖЕЛИКА	ГЕННАДЬЕВНА	27.09.2012	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
5768	МАКАРУШКО	ЛЮБОВЬ	НИКОЛАЕВНА	27.09.2012	Толық емес отбасылар
5769	САНДО	АСЕЛЬ		28.09.2012	Толық емес отбасылар
5770	БРОТКИН	СЕРИК	ВЛАДИМИРОВИЧ	28.09.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5771	ШИЛЛЕР	АРТУР	ЕВГЕНЬЕВИЧ	28.09.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5772	КРЫМОВА	НУРГУЛ	МАХАНОВНА	28.09.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5773	ДАБУЛОВА	АЙГҮЛ	БҮЛАТОВНА	28.09.2012	Толық емес отбасылар
5774	ЕСМАГАМБЕТОВА	АЙГҮЛ	АЙТЖАНОВНА	28.09.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5775	КОМИССАРОВА	МАРИНА	НИКОЛАЕВНА	28.09.2012	Толық емес отбасылар
5776	ЕСКЕНДИРОВ	БЕЙСЕМБАЙ	ТҮЛЕГЕНОВИЧ	28.09.2012	Толық емес отбасылар
5777	БОЗЖИГІТОВА	ОРЫНБАСАР		01.10.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5778	ЛОБАЧЕВА	ОЛЬГА	АЛЕКСАНДРОВНА	01.10.2012	Толық емес отбасылар
5779	ЖЕМАКИНА	НАТАЛЬЯ	ВАСИЛЬЕВНА	01.10.2012	Толық емес отбасылар
5780	ТАЙГАРА	ГҮЛНАР	ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ	01.10.2012	Толық емес отбасылар
5781	МУРЗАЛИНА	ГҮЛНАЗИЯ	СЕРИКБЕКОВНА	01.10.2012	Толық емес отбасылар
5782	КРИНИЦКИЙ	КОНСТАНТИН	БОРИСОВИЧ	01.10.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5783	БЕРЕХАНОВА	НАТАЛЬЯ	ВИКТОРОВНА	01.10.2012	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
5784	БЕКПОСЫНОВ	ЕРЖАН	КУСАИНОВИЧ	01.10.2012	Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар
5785	ЖАКУПОВА	АЙМИРА	РАМАЗАНОВНА	02.10.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5786	ДЖАМАЛОВ	САЛАВАТ	КАМАЛОВИЧ	02.10.2012	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
5787	ЧИФЧИ	ГУЛИЯ		02.10.2012	Толық емес отбасылар
5788	ХИВРЕНКО	НАТАЛЬЯ	АЛЕКСАНДРОВНА	02.10.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5789	ЖУНУСОВА	САУЛЕ	СЕРИКОВНА	03.10.2012	Толық емес отбасылар
5790	ЕНСЕБАЕВА	ГҮЛМИРА	КУСАИНОВНА	03.10.2012	Толық емес отбасылар
5791	НАЙМАНБАЕВА	ГАЛИНА	БОКАЕВНА	03.10.2012	Толық емес отбасылар
5792	АШИМОВА	РАЗИДА	КОШЕНОВНА	03.10.2012	Толық емес отбасылар
5793	ЕРСАЙЫНҚЫЗЫ	МӨЛДІР		04.10.2012	Толық емес отбасылар
5794	СЕЙСЕМБАЕВА	ЛАУРА	САБЫРЖАНОВНА	04.10.2012	Толық емес отбасылар
5795	ШАПИЕВА	АЛМАГҮЛ	УСКЕНБЕКОВНА	04.10.2012	Толық емес отбасылар
5796	БАЙДАЛИНОВА	АЙНҮР	СУЛТАНОВНА	04.10.2012	Толық емес отбасылар
5797	АЙНАБЕКОВА	САУЛЕТ	БАЯНБЕКОВНА	04.10.2012	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары

5798	УГРИН	ГЕОРГИЙ	ВАСИЛЬЕВИЧ	04.10.2012	Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар
5799	БАСМУРЗИНА	ЖАНАР	РАХМЕТОВНА	05.10.2012	Толық емес отбасылар
5800	АБЫЛКАСИМОВА	МАЙРА	АЙТМАГАМБЕТОВНА	05.10.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5801	ДЖИРАУОВА	ЖАЗИРА	КАЛДЫБЕКОВНА	05.10.2012	Толық емес отбасылар
5802	ДЖАСАРОВА	АЛИЯ	АБДУРАШИДОВНА	05.10.2012	Толық емес отбасылар
5803	НУРКАНОВА	КАМШАТ	ЕЛЕУСИЗОВНА	05.10.2012	Толық емес отбасылар
5804	КУСАИНОВА	ГҮЛМИРА	ЖАМБЫЛОВНА	08.10.2012	Толық емес отбасылар
5805	АКБЕРДИЕВА	ГҮЛЧЕХРА	КАДАНОВНА	08.10.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5806	МУКАНОВА	РАУШАН	МАНАТОВНА	08.10.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5807	ДЕМЬЯНОВА	РИММА	БОРИСОВНА	08.10.2012	Толық емес отбасылар
5808	БЕРДИКУЛОВА	ЖАДЫРА	ЛЕСОВНА	08.10.2012	Толық емес отбасылар
5809	ИСМАИЛОВА	КСЕНИЯ	ОЛЕГОВНА	08.10.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5810	ТУРГЫМБЕКОВА	НУРСАУЛЕ	ЖУМАГАЛИЕВНА	09.10.2012	Толық емес отбасылар
5811	НУРМАГАМБЕТОВА	КУЛГАЙША		09.10.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5812	СУЛЕЙМЕНОВА	АРАЛ	КАЙРАТОВНА	09.10.2012	Толық емес отбасылар
5813	КАРИМОЛДИНА	ТУЛЖАН		09.10.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5814	ЕШЕВА	АНАР	ЕСЕТОВНА	09.10.2012	Толық емес отбасылар
5815	АСАУБАЕВ	ЖАНАТ	ОРАЗБАЕВИЧ	09.10.2012	1 және 2 топтағы мүгедектер
5816	ШАМОВА	ЖАННА	ТИРКЕШБАЕВНА	09.10.2012	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
5817	САРБАЕВА	САУЛЕ	ТЛЕКТЕСОВНА	09.10.2012	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
5818	ЖУМАДИЛОВА	РОЗА	САТЕМИРОВНА	10.10.2012	Толық емес отбасылар
5819	КАЛИЕВА	ЛЕЙЛА		10.10.2012	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
5820	ЖАКУПОВА	АЛИЯ	КАРАПИДЕНОВНА	10.10.2012	Толық емес отбасылар
5821	АМАНБЕКОВА	БОТАКӨЗ	МУРАТҚЫЗЫ	10.10.2012	Толық емес отбасылар
5822	КУСЕЛБЕКОВА	АСЕЛЬ	ЖАНАБЕКОВНА	10.10.2012	Толық емес отбасылар
5823	КАРАБАЕВА	НУРГУЛ	ШЕРМАХАНБЕКОВНА	10.10.2012	Толық емес отбасылар
5824	ОРАЗБАЕВ				



Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Patronymic, Date, and Status. Contains a list of individuals and their legal status.

(Жалғасы бар)

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ САЛАСЫНДА ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАР

Өкінішке қарай, COVID-19 вирустық инфекциясы Қазақстанды айналып өткен жоқ және 2020 жылғы 19 наурыз айында Қазақстан аумағында Төтенше жағдай жарияланды.

Конкурсты өткізу мерзімі тек 7 күнді алады. Бұл тәсіл конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау, алдын ала рұқсат беру және камералдық бақылау шеңберінде шағым беру рәсімін қарастырмайды.

Төтенше жағдай кезеңінде барлық тауарлар алғашқы кезектегі тәртіппен тек отандық тауар өндірушілер арасында және арнайы тәртіп шеңберінде баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен ғана сатып алынады.

Осындай тауарларды жеткізу кезінде СТ-KZ сертификаттарын беру міндетті болып табылады.

Бұл ретте, егер ешкім қатыспаса, одан әрі сатып алу жалпы белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Отандық тауар өндірушілердің тізімін «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі қалыптастырады және бекітеді.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алулар қамтамасыз ету шараларын енгізуді, сондай-ақ осы тәсілмен сатып алуды жүзеге асыру үшін сомасы бойынша шекті мөндерді қарастырмайды.

Арнайы тәртіп аясында бір көзден алу тәсілі тек Сатып алу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиямен анықталған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша қолданылады.

Өтінімнің, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуы туралы қамтамасыз етуді, авансты, сондай-ақ Заңның 26-бабына сәйкес соманы (бар болған жағдайда) енгізу бойынша талап 20 мың АЕК астам сатып алуларға таралмайды.

Сатып алудың осы тәсілі 2020 жылғы 31 тамызға дейін жүргізіледі.

А.АБИШЕВА, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ІМАД камералдық бақылау бөлімінің бас маманы

ЖАРИЯ МҮДДЕЛІ ҰЙЫМДАР НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес, жария мүдделі ұйымдар (бұдан әрі – ЖМҰ) – қаржы ұйымдары (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды қоспағанда), акционерлік қоғамдар (коммерциялық еместерін қоспағанда), жер қойнауын пайдаланушы ұйымдар (кең таралған пайдалы қазбаларды өндіретін ұйымдардан басқа), астық қабылдау кәсіпорындары және жарғылық капиталында мемлекеттің қатысу үлесі бар ұйымдар, сондай-ақ шаруашылық жүргізу құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорындар болып табылады.

«Қаржылық есептілікті депозитарийге беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 қазандағы №1173 қаулысына сәйкес, ұйымдар жыл сайын есептен кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей уәкілетті орган депозитарий жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға айқындаған ұйымға заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген,

уәкілетті орган бекіткен тізбе мен нысандарға сәйкес жасалған, жылдық қаржылық есептілікті береді.

Жаңадан құрылған ұйымдар жылдық қаржылық есептілікті оны тіркеген сәттен бастап сол жылдың 31 желтоқсан айы аралығы кезеңіне ұсынады.

Бүгінгі күні Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ кодексінің 239-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке жария мүдделі ұйымдарды тарту үшін іс-шаралар жүргізді.

Осыған байланысты, Жария мүдделі ұйымдарға Қаржылық есептілікті депозитарийге беру қағидаларын қатаң сақтау, сондай-ақ заңды тұлғаларды мемлекеттің қатысу үлесінсіз жеке меншікке қайта тіркеу туралы құзыретті органдарға хабарлау қажеттілігін мәлімдейміз.

К.СҮЛЕЙМЕНОВ, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ІМАД камералдық бақылау бөлімінің басшысы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАУ МАҚСАТЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ САПАСЫН ЖАҚСARTУ

Мемлекет басшысының «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген басым міндеттердің бірі – «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру.

Өз кезегінде, жеке және заңды тұлғалар арасында азаматтық хал актілерін, заңды тұлғаларды және жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу саласындағы қызметтер сұранысқа ие.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын жақсарту мақсатында анық және бірыңғай стандарттар мен регламенттер арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің ашық және тиімді процесі ұйымдастырылды, бұл қызмет беруші мен алушының арасындағы қатынастардың айқындылығын қалыптастырады, сонымен қатар лауазымды тұлғалардың қызмет көрсетуге субъективті көзқарасын жоюды, мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлық деңгейін азайтады.

Мемлекеттік қызметтер көлемі оларды ұсыну процесінің үнемі жетілдіруді талап етеді, бұл өз кезегінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау болып табылады.

2019 жылдың 25 қарашасында қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу, заңды тұлғаларды

тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу саласындағы өзгерістер аясында тіркеу рәсімін жеңілдету, мерзімдер мен құжаттар тізімін қысқарту, сондай-ақ бірқатар мемлекеттік қызметтерді электрондық форматқа көшіру қарастырылды.

Мемлекеттік қызметтерді алудың электронды әдісін халық арасында кеңінен насихаттау, түрлі ақпараттық-насихат жұмыстарын жүргізу қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасты қалыптастыруға бағытталған.

Тіркеу қызметтері саласындағы барлық осы өзгерістер азаматтардың уақытын және қаржылық шығындарын айтарлықтай азайтады және мемлекеттік қызметтерді сандық форматқа ауыстырады.

Әділет органдары тіркеуші органның қызметін бақылау объектісіне барумен де, ақпараттық жүйелер мен бұқаралық ақпарат құралдарымен де, профилактикалық бақылауды жүзеге асырады, бұл заң бұзушылықтардың алдын алуға дер кезінде ден қоюға мүмкіндік береді.

Әділет органдарының басым міндеті сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне «нөлдік» төзімділік ахуалын қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықты азайту болып табылады.

Нұр-Сұлтан қаласы Әділет департаментінің Тіркеу қызметі саласындағы әдістемелік қамтамасыз ету және бақылау бөлімі

НОТАРИАЛДЫ КУӘЛАНДЫРЫЛМАҒАН МӘМІЛЕНІ РӘСІМДЕУ ЖӘНЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

2019 жылдың 25 қарашасында қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен тіркеу рәсімін жеңілдету, тіркеу мерзімін қысқарту, сондай-ақ бірқатар мемлекеттік қызметтерді электрондық форматқа көшіру қарастырылды.

Жылжымайтын мүлікпен мәміле жасасу кезінде тараптар өзінің қалауы бойынша оның біреуін таңдай алады: нотариалды немесе қарапайым жазбаша. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 21-бабының 4-тармағына сәйкес, егер мәміле нотариалды куәландырылмаса, онда тіркеуші орган мәмілені жасаған адамдардың (олардың уәкілетті өкілдерінің) қойылған қолдарының растығын, олардың іс-әрекетке қабілеттілігін (құқықтық қабілеттілігін), сондай-ақ олардың ерікті түрде жасалғандығын тексеруге міндетті.

Бұл талап банктік қарыз шартын және микрокредит беру туралы шартты қамтамасыз ету үшін жасалған кепіл шарттарына қолданылмайды.

Заңның талаптарын орындау мақсатында тіркеуші орган «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы

коммерциялық емес акционерлік қоғамы жылжымайтын мүлікке құқықтарды электрондық түрде тіркеуді қамтамасыз ететін «Нотариалды куәландырылмаған мәміле жасау және жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу» қызметін іске қосты.

Ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы көрсетілетін қызмет алушының жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жеріне электронды өтінім жіберу мүмкіндігі іске асырылды. Қызмет көрсету нәтижесі – көрсетілетін қызмет алушыға электрондық түрде хабарламаның жеткізілуі.

Нотариалды куәландырылмаған мәмілені жасау, оның тіркеуші орган мәмілені жасаған адамдардың (олардың уәкілетті өкілдерінің) қойылған қолдарының растығын, олардың іс-әрекетке қабілеттілігін (құқықтық қабілеттілігін), сондай-ақ олардың ерікті түрде жасалғандығын тексеру қызметі және одан әрі жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу бір рәсім болып табылады және қызмет алушылар жүгінген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Нұр-Сұлтан қаласы Әділет департаментінің Тіркеу қызметі саласындағы әдістемелік қамтамасыз ету және бақылау бөлімі



ҚАЗАҚТАН АБАЙДЫ БӨЛЕ АЛМАЙСЫЗ

» Ұлттық академиялық кітапханада Абай атамыздың 175 жылдық мерейтойына орай «Руханияттың әлемі – Абай» атты онлайн дәріс өтіп, оған Парламент Мәжілісінің депутаты, талантты әнші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бекболат Тілеухан қатысып, ұлы тұлға туралы парасатты ой өрбітті.

– Кез келген сөз танитын адамның Абайдан мақұрым болуы – қауіпті нәрсе. Абайдан қазақты, қазақтан Абайды бөле алмайсыз. Мысалы, әр елдің өз ерекшелігі болады. Айталық, қытайдың ақыл-ой негізі Конфуцийде жатыр. Сол секілді немістің руханияты Гетеге арқа сүйейді. Бізде «Абай айтты» дегенге тоқтамайтын жан жоқ. Сондықтан ақынды, былайша айтқанда, қазақтың ақыл-парасатының, талғам деңгейінің өлшемі секілді ерекше тұлға деп айтуға болады, – деп сөзін бір қайырма қайраткер: «Менің әке-шешем Абайды жатқа білді. Одан кейін менің өнер жолындағы ұстаз-

дарым Жәнібек Кәрменов пен Қайрат Байбосыновтың ықпалы болды. Жәнібек аға Абайсыз сөз сөйлемейсің еді. Қандай дүниені айтса да ақыннан мысал келтіріп, әңгімелейтін. Сол маған сіңісті болды. Мектеп қабырғасында ардақты ақынның шығармаларын оқыдық, содан соң біраз тәжірибе жинап, өмірдің бұлттарыс-қалтарысын көрдік, сонда да оны толық түсіндім деп айта алмаймын. Абай атамызды түсініп біту мүмкін емес» деп салмақты пікірін білдірді. Сондай-ақ Бекболат ағамыз онлайн-дәрісте хакім атамыздың қара сөздеріне де тоқталып өтті.

ҚҰНДЫ КІТАП СЫЙЛАДЫ

» Ұлттық академиялық кітапханада белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Байменовтің қатысуымен «Хаяту Хаяван» – зоология науы حیا حیا кітабының онлайн таныстырылымы өтті.



Бұл жануарлар әлемі туралы энциклопедия «Хаяту Хаяван» – حیا حیا 14-ғасырда Мысырда өмір сүрген көрнекті ғалым Абу Бака Камалуддин Мұхаммед ибн Мұса Иса ибн Али араб тіліндегі «наш» каллиграфиялық жазуымен жазған. Ол 1900 жылы Қазанда императорлық университет баспасында қайта басылған. Осы басылымның бір данасын кітапханаға Әлихан Мұхаммедиді сыйға тартты. Кітапты қалпына келтіруді ҚР Ұлттық қолжазбалар мен сирек кітаптар орталығының мамандары жүргізді. Сондай-ақ онлайн шара барысында қайраткер тарихи, рухани тақырыпта мазмұнды әңгіме өрбітіп, тыңдармандардың сұрақтарына жауап берді.

Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ

АМЕРИКАЛЫҚТАР «ДАЙДИДАУДЫ» ШЫРҚАДЫ

» Дарынды әнші Димаш Құдайбергenniң шетелдегі жанкүйерлері «Дайдидау» әнін орындап, видео жариялады.

Видео АҚШ-тағы фан-клубтың YouTube-каналында жарияланды. Биылғы наурыз айының басында «Dimash USA FC» аталатын америкалық фан-клубта Димаштың туған күніне орай құттықтау видеоролик түсіру идеясы туындаған.

Сол кезде олар Димаш орындаған әнді оның ана тілінде хормен шырқау ұсынып, «Дайдидау» әніне тоқтайды. Себебі оның Нью-Йорктегі концертінде болған америкалық фанаттар үшін бұл әннің маңызы ерекше болыпты.

Сонымен, фан-клуб әкімшісі «FaceTime» арқылы видеоқоңырау стилінде видео жазып, өз идеялары туралы айтады. Әншінің өзге жанкүйерлері де қолдайды деген сеніммен оны фан-клубтың Facebook-тегі ресми аккаунтына орналастырады. Видео-

лар жиналған соң, фан-клуб әкімшісі оларды тұтас бір ролікке біріктірген.

Америкалық жанкүйерлердің пікірінше, қазақ тілінде ән айту оңай болмаған көрінеді. Бірақ қызығы да болыпты. Бірқатар жанкүйер бэк-вокал жазып, әнді одан әрі әрлеген. Қысқасы, хорға АҚШ-тың жеті штаты мен төрт мемлекеттен 21 адам қатысқан.



ӨЗГЕШЕ ФОРМАТТА ӨТЕДІ

» Биылғы 1 маусым – Балаларды қорғау күніне жоспарланған 65 шара өзгеше форматта өтеді. Әкімдіктің ресми сайты хабарлағандай, мерекелік іс-шаралар жоспарында ғаламтордағы байқаулар, шаралар, челленджер бар. Мәселен, «Барлығы балалар үшін» атты республикалық шара #NS_balalarkuni_bilim хештегі бойынша онлайн форматта ұйымдастырылады.

Бұдан бөлек, инстаграмда бір күн бойы балалар психологы, ПД өкілдері, білім беру, заң және ҰЕҰ өкілдерінің қатысуымен тікелей эфир өткізіледі. Бұл шараларда ата-аналар мен балалардың құқығын қорғау жөнінде кеңес беріледі.

Сондай-ақ қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталығы және «SOS детская деревня Астана» балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған мерекелік бағдарлама қойылады. Оның шеңберінде «Цветик-семицветик» концерттік бағдарламасы, «Цветочный переполох» шығармашылық байқауы (костюмдер дефилесі, балалар жасаған флористикалық өнер көрсетілімі), интеллектуалды жарыс, «Суретті боя» байқауы, тасжолда сурет салу жарысы, спорттық жарыстар мен көңілді ойындар, автограф PARTY және фотосессия ұйымдастырылады. Балаларға мерекелік дастарқан жайылады. Бірақ онлайн шараларға карантинге байланысты қонақтар қатыстырылмайды.

БАЛАЛАРҒА ТАМАША ТАРТУ

» Айтулы мерекеге орай Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Мемлекеттік академиялық филармониясының өнерпаздары «Бала бақыты» атты онлайн концерт қойды.

Бала – біздің болашағымыз. Оларға қандай сый жасасақ та артығы болмайды. Мерекелік концерт тартымды өтті десе болады. Әсіресе, «Қорқыт» этноансамблі мүшелерінің орындаған туындылары тыңдармандарды бір желпінтіп тастады. Сондай-ақ өнерлі ұжымның Исламбек Қожахмет, Мерей Бердібекова, Гүлжан Сетей, Арайлым Рахымқызы, Дихан Ильяшев секілді талантты өнерпаздарының салған әндері де, ойнаған шығармалары да көпшілікті тәнті етті. Сонымен бірге қаладағы әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының жас дарын иелері де өнер көрсетіп, көрермендердің алғысын алды.

Биыл – Абай атамыздың 175 жылдық мерейтойы. Сондықтан ақынның лирикалық назға толы әндері де кештің көрігін қыздырды. Қысқасы, қазіргі таңда үйде болып, теледидарға телмірген балаларға бұл кеш тамаша тарту болды.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС Директор – Жарқын ЖҰМАДИЛОВ

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР
Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ
Шеф-редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ
Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Апталық таралымы – 15 000
Тапсырыс №63
Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30.
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com
Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212 Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17 Үйлестіруші: 70-33-05 Жарнама: 70-33-06
astana.akshamy@mail.ru